



АТЫРАУ  
UNIVERSITY

# НАУРЫЗ ҚУТТЫ БОЛСЫН!

## Құрметті ұстаздар, студенттер, ата-аналар!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Күн мен түннің теңеліп, табиғаттың жаңару шағы Сіздерге ырысы мен берекесін, қуанышы мен жақсылығын ала келсін. Еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Ұлыс оң, ақ мол болсын!

Қыс ызғары кетіп, Жер Ана жібіп, бәйшешек, тал бүр жаратын жылдың осынау әдемі мезгілі жандарыңызға шуағы мен мейірімін төксін!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Құрметпен,  
Ректор Саламат Идрисов



## ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ПЕДАГОГТАРМЕН КЕЗДЕСТІ



**Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде халық қалаулылары облысымыздағы педагогтармен кездесті. Кездесуде ҚР Парламенті мәжілісінің депутаттары Измұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлы, Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлы және сенат депутаты Дүйсембиев Ғұмар Ислямұлы көпшіліктің алдында сөз сөйлеп, жақында педагогтар үшін шығарылып жатқан кейбір заңдар төңірегінде қысқаша түсінік берді.**

Жиынды ашқан университеттің ректоры Саламат Идрисов халық қалаулыларын таныстыра отырып, жаңа жылдың басында білім ордасында педагогтармен кездесуге арнайы келген депутаттарға көпшіліктің атынан өз ризашылығын жеткізді.

Алғаш сөз алған ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Бақтықожа Измұхамбетов

– Біздер бұл сапарымызда мұнайлы өңірді аралап облыс, аудан халқымен кездесулер өткізбекпіз. Онда көпшіліктің көкейлерінде жүрген айтар ойларын тыңдап қойған сауалдарына жауаптар берумен қатар, жергілікті халықты толғандырып жүрген мәселелерді

шешуді облыс әкімінің алдына қоямыз, сондай-ақ басқа да түйткілді шешімін таппаған жайлар болса билікке жеткізу үшін жұмыстанатын боламыз деді. Жиында ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлы «Педагогтар мәртебесін көтеру негізіндегі жаңа заң аясына тоқталып өтті. Онда дипломмен ауылға жобасы басты назарға алынған. Әсіресе, жас мұғалімдерге жер телімдерін беру жеңілдігі мемлекеттік қызметтерге берілетін шарт бойынша бөлінетіні қарастырылған. Алдағы қыркүйек айынан бастап мұғалімнің апталық қызметі 18 сағаттан 16 сағатқа

қысқартылмақ. Тағы бір айта кетері ұстаздардың еңбекақысы өсумен бірге дәптер тексергені үшін педагогтарға қосымша ақы төлеу қарастырылса, халықаралық олимпиадаларда орын алған оқушылардың жетекшісіне де үстемеақы төлеу көзделген. Ал, жас педагог ер азаматтар әскери борышынан босатылмақ. Жаңа заң жобасында барлық педагогтар үшін демалыс кезеңін 56 күнге дейін ұлғайту қарастырылған. Сондай-ақ 2020 жылы мұғалімдердің жалақысы 25 пайызға артатынын оған қоса, тәлімгерлік үшін педагогтерге жыл бойы 17 мың теңге қосымша ақы беру де ұсынылып отырғанынан хабардар болдық.

Кездесу барысында университеттің профессоры Қ.Жүсіп соңғы кездегі өзекті мәселенің бірі қазақ мектептеріндегі қазақша оқитын бала санының азайып кеткеніне өзінің алаңдаушылығын білдірді. Оған себеп: кейбір ата-аналар ұлты қазақ бола тұра балаларын қазақша оқытудың орнына орысша мектепке апарып оқытады. Тағы бір айта

кететін жай Жайық суының тазалығына аса мән берумен бірге жерді заңды пайдалану туралы да мәселе көтерді. Депутаттар қойылған сауалдар жөнінде жұмыстар қолға алынып жатқанынан хабардар етсе, өңірімізде де жекешеленген жерлердің көп бөлігінің игерілмей бос жатқанын айта келіп, жерді егіншілікке немесе т.б. пайдалану бұрын 2 жыл болса енді ол 1 жылға ғана берілетінін айтып өтті. Алға қарай «шаруашылықпен айналысам» деп жекешелендіріп алып пайдаланбай жатқан жеке иелігіндегі жерлерді игеруге жұмыстанатындарын айтты. ҚКХ партиясы Атырау облыстық филиалы атынан Е. Дәулетқазиев Атыраудан басқа жаққа қатынайтын поезддардың жаз айларында қиындық туғызатынын, сол себепті поездарға қосымша вагондар тіркелсе деген өтінішін жеткізді. Басқа да ұстаздар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, оған тұшымды жауаптар алынды.

**Ф. МУСАҰЛЫ**



## ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАППАҚ



13 қаңтарда университетімізде ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, саясаттану ғылымдарының докторы, университетіміздің түлегі Хаменова Бақытгүл Қайыржанқызымен кездесу өтті. Кездесуге профессор-оқытушылар құрамы түгел қатынасты.

Бұл орайда Атырау облысына арнайы іссапармен келген мәжіліс депутатының жұмыс сапарының басты мақсаты – Парламент қабырғасында қаралып жатқан заң жобалары сондай-ақ еліміздің осы жылғы бюджеті туралы және әлеуметтік мәселелер жөнінде көпшілікке кеңірек түсінік беру болатын. Жиын барысында ең төменгі жалақы алатын ұстаздардың еңбекақысын көбейту, басқа да көкейде жүрген

әлеуметтік мәселелердің қалай шешіліп жатқаны жөнінде де айтылды. Сонымен қатар, бұл кездесуде депутатқа университет профессорлары тарапынан бәсекеге қабілетті маман даярлау сонымен бірге ұстаз мәртебесін көтеру туралы сұрақтар қойылып, бұл мәселеге байланысты ұстаздардың өздерінің пікірлері де тыңдалды. Кездесу барысында депутат жемқорлықты болдырмау жағын да тілге тиек етті. – Расымен жемқорлық еліміздің экономикасына, әлеуметтік саланың дамуына кедергі келтіреді. Сондықтан жемқорлық еліміз үшін, болашағымыз үшін өте қауіпті, – деп осындай келеңсіздікті болдырмау жолында көп болып күресу керектігін де жеткізді.

Абай 175 жыл

## ҰЛЫ ОЙШЫЛҒА ҚҰРМЕТ

Сөз құдыретін ұғынып, Абай әлемін зерттеп оған тереңірек үңілген сайын ұлы кемеңгердің осыдан бір ғасырдан аса уақыт бұрын кейінгі барша ұрпаққа өнеге етіп қалдырған небір даналық ойларының, сыршыл өлеңдерінің, маржандай қара сөздерінің тағы бір куәсі болғандайсың.

Міне, қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын биылғы жылы тойлау – Абайдың кемеңгерлігін танудан бастау алады. Өткен жылдың 30 мамырында Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде мерекелеу туралы жарлыққа қол қойған болатын. Осыған орай, биыл ел көлемінде 500-ге жуық түрлі іс-шара өтеді деп жоспарланып отыр. Атыраулықтар Абайды ұлықтау рәсімін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің мәдени-спорттық кешенінде бастады. Абай мұрасын елімізде кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шараға облыс әкімі Махамбет Досмұхамбетов, сондай-ақ зиялы қауым өкілдері және университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатынасты. Шара барысында Абай әндері мен өлеңдерін өңірімізге танымал әншілер, Дина Нұрпейісова атындағы академиялық ұлт аспаптар оркестрі және жас өнерпаздары орындады. Абайдың жүріп өткен жолынан хабар берер көріністер сахналанып, көрермен көзайымына айналды.

Қара сөздің зергері атанған ақынның мерейтойына орай ұйымдастырылған өнер саңлақтарының сахналық қойылымы студент жастарымызды әнмен сусындатып қана қоймай, ұлы кемеңгердің қара сөздерінен, даналық ақыл, парасаттылығынан да үлгі алардай әсер қалдырды.

Н.ЖАҢБЫРБАЙ

## ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫ ДАМЫТУДА

**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Атырау облыстық прокуратурасымен оқу орны арасындағы өзара ынтымақтастықты қалыптастыру мен дамыту бағытында екі жақты меморандумға қол қою рәсімі өтті.**

Кездесу аясында университет ректоры Саламат Нұрмұханұлы мен Атырау облысының прокуроры Халидулла Зинопұлы арнайы құжатқа қол қойып, алда ұйымдастырылуы тиіс шараларды да жан-жақты талқылады. Айтулы басқосуға прокуратура қызметкерлері мен университеттің юриспруденция мамандығы студенттері және оқытушылар қатынасты. Жиынның өту барысында жастардың заң аясында жан-жақты кеңірек білуі үшін қосымша біліктілігін арттыру бағытында бірқатар мәселелер қаралып, талқыланып әсіресе студенттердің прокуратура органдарының қызметі, оның қоғам үшін аса маңыздылығы жөнінде кәсіби білімдерін шыңдап, тереңдету үшін өзара екі жақты ұсыныстары тыңдалды.

Меморандумның негізгі мақсаты – құқықтық білім мен ғылыми-зерттеу саласындағы ынтымақтастықты өзара нығайту.

Н.ЖАҢБЫРБАЙ

Барекелді!

## «МАХАМБЕТ» ЖУРНАЛЫ ШЫҚТЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде тұңғыш рет республикалық «Махамбет» журналының тұсаукесері өтті. Салтанатты шарада Досмамбет жыраудың жырлары қобыздың қоңыр үнінен бастау алып, студенттер Махамбет жырларын оқып, жиын ажарын аша түсті. Жаңадан жарыққа шыққан журналдың лентасы қиылып, басылымның алғашқы саны шараға қатысқан қонақтар мен студенттерге тарту етілді.



Салтанатты жиынды ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Махамбет» журналының бас редакторы Қадыр Жүсіп Өтегенұлы ашып, ақынның отты жырларына тоқталып өтті.

– Батыр бабаның есімімен аталған журналдың жарыққа шығуының басты бағыты – халқымызды жалпы поэзия мен прозаның нәрімен сусындатып, кемелдендіру мақсатында қолға алынған. Негізінен «Абай», «Шәкәрім», «Жамбыл», «Мұқағали», «Қасым», «Мағжан» есімімен аталатын басқа да әдеби-мәдени ғылыми-танымдық журналдарда ақындардың классикалық туындылары жарияланып, басылымдардың көркемдігі мен идеялық мәндерін ашудағы ғылыми пікірлермен халық санасын нұрландырылуда келелі жұмыстар да атқарылған. Бұл аталған журналдар шыққалы талай жылдардың жүзі болды. Ол тек қана журналға есімі берілген ақындардың шығармашылығына байланысты ғана емес, сонымен бірге, жалпы әдебиет саласы мен мәдени өмір, сондай-ақ қазақ тарихына қатысты мәселелер де журнал беттерінде жан-жақты жазылып келе жатқаны белгілі. Алайда, ақынның жалынды жырлары күнделікті өмірде халықпен бірге жасасқанымен, арнайы

өз алдына журнал болып шықпаған тұлғаның бірі Махамбет ақын еді. Зиялы қауым өкілдері осы мәселені қалай естен шығарып алғандарын түсінбеген едік. Бірақ заманға заман жалғасып, ойдан ой туып, идеядан идея жаңарып енді осы олқылықты толтыруда игі бастама жалғасын тапқанына баршамыз болып қуанып отырмыз. Бұл орайда журналды шығару мәселесін бірден қолға алып, оны жүзеге асыруда Алматы облысының «Болат Медиа» мекемесінің бас директоры, журналист Болат Батыр үлкен еңбек сіңіріп отыр. – деп өз ризашылығын жеткізді.

Айтулы жиында Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, композитор Илья Жақанов, Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры Абат Қыдыршаев, Атырау облысының ардагерлер кеңесінің төрағасы Қатимолла Ризуанов, «Алаш» сыйлығының лауреаты Өмірзақ Қажымғалиев басқа да зиялы қауым өкілдері қатынасып, жаңа журналдың өз оқырмандарына берер тәлімі мен тәрбиесі туралы ой-пікірлерін ортаға салды. Ал, Махамбет журналының жарыққа шығуы барша оқырмандарымен қатар өскелең ұрпақ үшін де құнды екенін айта келіп, өздерінің игі тілектерін жолдады.



Қазақ халқында «Жаман адамның ғұмыры – шағым мен арыздан тұрады, жақсы адамның ғұмыры – қарыз бен парыздан тұрады», – деген қанатты сөз бар. Сол бір жақсылық атаулыны жанына серік етіп, өзінің туған елі мен туған жері, өсіп-өнген өлкесі мен ата-ана алдындағы қарызы мен парызын толық өтеген парасатты азамат, қоғам қайраткері, ерекше тұлға – Хисмет Бозанұлы Табылдиев болатын.



## Х.Б. Табылдиев ТАРИХИ ТҰЛҒА

Хисмет ағамыз тарих ғылымының докторы, профессор, Қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, бірнеше мәрте облыстық мәслихаттың депутаты, Атырау облысы мен Атырау қаласының Құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері. Яғни, парасатына пайымы жарасқан, өзгелерден болмыс бітімі бөлек жан, ұлы ұстаз, көрнекті ғалым, білікті ректор болды. Хисмет ағаның замандасы, Қазақтың қадірменді ақыны Қадір Мырза-Әлидің «Атақты үкімет береді, абыройды халық береді», – деген сөзін санамызға сіңірсек, Хисмет Бозанұлы – сабақтаулы инедей тынымсыз тірлікте атақтан да, абыройдан да кенде болмаған жан.

Жеке тұлға хақында естелік жазып беруде өзімнің ұстанатын принципім, тек қана көріп, біліскенімді ғана қағазға түсіргенді дұрыс деп санаймын. Сондықтан Хисмет ағаның ұстаздық, азаматтық, басшылық тұлғасын айшықтайтын, есімде сақтаулы үш естелікті баяндап өткім келеді.

Біріншіден, Хисмет Бозанұлы 1980–1985 жылдары Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтында студент болған біздерге, яғни 1980–1981 оқу жылдары «Өлкетану» пәнінен дәріс оқыды. Ол кезде Хисмет аға институттың сырттай оқу ісі жөніндегі проректоры болатын. Басшылық қызметке қарамастан, аптасына бір рет келіп, Гурьев қаласының салыну тарихы, Е.Пугачев, С.Разин бастаған көтерілістер, балық шаруашылығының қалыптасу тарихы, алғашқы мұнай кәсіпшіліктері, Гурьев қаласында білім мен мәдениеттің, денсаулық сақтау ісінің даму деңгейі жөнінде тұшымды дәрістер оқып, үйлесімді ұстаздық үнімен аудиториядағы студенттерді баурап алатын. Еліміздегі қоғамдық-саяси оқиғалар мен мемлекет, қоғам қайраткерлері туралы қызғылықты деректер беретін. Осы үрдісті Хисмет Бозанұлы 1991–2000 жылдары университет ректоры болған кезде де жалғастырды. 1990 жылдары университетті бітірген түлектерден сұрай қалсақ, «иә, Хис-

мет ағай бізге «Өлке танудан» дәріс оқыды. Басшылық қызметіне қарамастан, бізді университеттің мәжіліс залына шақырып, ұстаздық міндетін де қоса атқара беретін көпшіл ортаның азаматы ғой», – деп жауап береді. Осындай пайымы мен парасаты мол ағамыз қандай басшылық қызметті атқарса да, ұстаздық атына ешқашан сын келтірмегенін – абыройлы іс деп білемін.

Екіншіден, орта мектепте 8 жыл мұғалім, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарғаннан кейін, ғалым-ұстаз Қадыржан Брянулының шақыруы бойынша университетке оқытушы болып келдім. Екі жыл оқытушы (дәріс жүргізуге хұқы жоқ, тек практикалық сабақтарды жүргізеді) болып қызмет жасағаннан кейін, кафедраның қажеттілігіне орай, Қадіржан ағаймен бірге Хисмет Бозанұлының алдына бардық. Қадіржан ағай: «Мына бала ағайын-туғаным емес, бірақ аға оқытушы болуға лайықты» – деп ұсыныс берді. Сонда Хисмет аға: «Бұл баланың өзін де, әкесі Рекенді де жақсы білемін ғой. Мақалаларын да үнемі оқып тұрамын. Аға оқытушы болады» – деп кесімді сөзін айтты. Айтқандай, 2–3 күннің ішінде кадр бөлімі маған аға оқытушы болуға бұйрық шығарды. Менің бір риза болғаным, осындай замандас ғалым-ұстаздардың азаматтығы, бір-біріне деген сенімі, ортақ шешім қабылдаудағы көзқарасының мықтылығына сонда көзім жетті.

Үшіншіден, 1995 жылы Хисмет Бозанұлының ұсынысы бойынша, қабылдау комиссиясы жауапты хатшысының орынбасары қызметінде болдым. Бұл жауапты жұмысқа өзі тікелей басшылық еткендіктен, Хисмет ағаның тынымсыз еңбегін де сол уақыттары өз көзімізбен көрдік. Таңертең ерте келіп, күн бата жұмыстан шығып, бүкіл қабылдау комиссиясының қызметін бақылауда ұстап, ұсақ-түйек жұмысқа дейін ерекше мән беріп жіті қадағалап отыратын. Тіпті біздің оқу орнына келген әрбір ата-анамен, талапкермен қалай

сөйлесу керектігін өзімізге де қажет жерінде дұрыстап ұғындырды. Маған «Сен алыстан келесің ғой» – деп, жатақханадан орын да алып берді. Хисмет аға жұмысқа қатаң талап қоюмен қатар, орынды жерінде ақылымен қоса, әзіл-қалжыңын да айтып отыратын.

Бұл мақаланың «Х.Б.Табылдиев – тарихи тұлға» деп аталуының да өз себебі бар. Оған қоса мыналарды атар едім:

1) Хисмет Бозанұлы Атырау өлкесінің тарихын, Қазақстан тарихындағы ақтандақтарды жете зерттеген біздің өңірден шыққан бірден-бір ғалым;

2) Өлкемізде өзінің тарих ғылымы бойынша мектебін қалыптастырған, ондаған ғалым-ізденушілерді өзі тәрбиелеген ерекше тұлға;

3) Тарих ғылымының жекелеген салалары бойынша монографиялық еңбектер мен оқу құралдарын жарыққа шығарған, көсем сөз бен көшелі ойдың иесі атанған ғалым-ұстаз!

Түйіндеп айтар болсақ қазақтың арқалы ақыны Ғафу Қайырбеков:

*«Ешкімнің көргенім жоқ олжасын жеп,  
Таныдым бәрін бірдей жолдасым деп.  
Ұсындым жүрегімді баспалдақ қып,  
Адамның басы төмен болмасын деп!»*

Керемет әдемі өлең жолын арнап жазған екен.

Демек, бүгіндері Хисмет ағамыз арамызда болмаса да оның дара тұлғасы, баршаға деген жанашырлық қамқорлығы, әрбір ортада ұлылықтың бастау көзіне айналған кең жүректі азаматтығы көпке үлгі болардай-ақ. Білікті басшы, шебер ұйымдастырушы атанумен қатар қадірлі ұстаздың өзгеге ұқсамайтын ерекше бөлек бітім-болмысына, даналық келбетіне, бойындағы адами асыл қасиетіне осы бір шумақ әр кез жарасып-ақ тұратындай.

**Сабыров Айдар РАМАЗАНҰЛЫ,  
Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік  
университетінің доценті.**

Қазақстан  
Журналистер Одағының мүшесі

Құрмет



### «ҮЗДІК ОҚЫТУШЫ 2019» атағына ие болған әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймыз!

1. Бекова Гүлдана Таңбайқызы - Физика және техникалық пәндер кафедрасының магистр, аға оқытушысы
  2. Джанзакова Шолпан Исағалиевна - «Педагогика» кафедра-лаборатория меңгерушісі
  3. Кенжегулов Бекет Зинешұлы - Физика-математика және ақпараттық технологиялар факультетінің деканы
  4. Куанбаева Баян Улжағалиевна - Физика және техникалық пәндер кафедрасының п.ғ.к., қауымдастырылған профессоры
  5. Рахметова Майрагүл Тілепқызы - Физика және техникалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы
  6. Хайржанова Ақмарал Хатифовна - Аударма ісі және шетел тілдері кафедра меңгерушісі
  7. Шамбилова Гульбаршын Кожаметовна - Химия және химиялық технология кафедрасының профессоры.
- Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ұжымы**

### ӘРІПТЕСТЕРІМІЗ МАРАПАТТАЛДЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғылыми-кеңесінің кеңейтілген мәжілісінде жыл қорытындысы бойынша үздік жетістіктері үшін университетіміздің бірқатар ұстаздары мен қызметкерлері марапатталды.

А.Байтұрсынов атындағы Алтын медаль филология ғ.д., профессор Жүсіп Қадыр Өтегенұлына және әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Қойшығұлова Ляйля Ерболатқызына табыс етілді.

А.Байтұрсынов атындағы Күміс медальмен т.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. Қайырғалиева Гүлфайруз және п.ғ.д., Джанзакова Шолпан Исағалиевна марапатталды.

«Жоғары кәсіби білім беру саласындағы Үздік педагог» марапатына ие болғандардың қатарында аға оқытушы Курмангазиева Гульнар Таскалиевна мен аға оқытушы Ковалева Елизавета Дмитриевна бар.

«Жоғары кәсіби білім беру саласындағы Үздік ғылыми қызметкер» медалімен өнер ғ.к., аға оқытушы Турмағанбетова Бақыт Жолдыбаевна, п.ғ.к., аға оқытушы Шугаева Гүлшат Конратовна,

«Жоғары кәсіби білім беру саласындағы Үздік менеджер» медалімен академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Сулейменова Жанаргүл Уразовна және Жастар саясаты департаментінің директоры Қорған Бибінұр Бүркітқызы марапатталды.

## АКАДЕМИҚТІҢ ЖАҢА ТУЫНДЫСЫ ИСАТАЙ БАТЫРҒА АРНАЛДЫ

2020 жылдың 19 ақпан күні Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Рухани жаңғыру» кеңсесінде «Мәңгілік ел» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, қауымдастырылған профессор, ҚР Тарих және қоғамтану ғылымдары Академиясының академигі Аманкелді Шамғоновтың «Ұлы Дала батыры - Тайманның ұлы Исатай» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Жиынға университет ректоры, профессор С.Н. Идрисов, ректор аппараты жетекшісі профессор Гүлфайруз Қайырғалиева, университеттегі «Нұр Отан» партиясы төрағасының орынбасары Баянсұлу Тыныбаева, университет Ардагерлер кеңесінің төрағасы Шахман Нагимов, «Гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультетінің деканы PhD Динара Хамидуллина, «Мәңгілік ел» ғылыми орталығының директоры Аққали Ахмет, «Атырау өлкесі, тарихы, этнологиясы және археологиясы» орталығының директоры Сайполла Сапанов, университет ғалымдары, студенттер және кітапхана қызметкерлерінің қатысуымен өтті. Шараны «Рухани жаңғыру» кеңсесінің жетекшісі Жамиға Тәжікқызы Таңатарова ашып, кіріспе сөзінен кейін, университет ректоры профессор С. Идрисов кітап лентасын қиып, қысқаша сөз сөйлеп, авторға жетістіктер тілеп, сөз кезегін қатысушыларға берді. Жиынға қатынасқандар Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», және «Ұлы даланың 7 қыры» атты мақалаларынан кейін республикамызда халқымыздың өткен тарихын зерттеуге деген ұмтылыстың күрт артқанын атап көрсетіп, оған нақты тоқталды.

Аманкелді Шамғоновтың бұл кітабын «Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бағдарламалық мақалаларында көрсетілген мәселелерге сай жазылған» деген пікірлерін білдіріп, жаңа жинақтың

университет кітапханасында болуы керек екенін жеткізді. Жиын барысында қатысушыларға түсінікті болуы үшін «Исатай Тайманов» атты автор дайындаған слайд көрсетілді. Айта кетейік, жинақтың авторы А. Шамғоновтың «Ұлы Дала батыры Тайманның ұлы Исатай» атты кітаптары «Ағатай» және «Фолиант» баспаларынан жарық көріп отыр. Кітаптың толықтырылып, өңделген екінші басылымы 408 беттен тұрады. Пікір жазғандар: тарих ғылымдарының докторлары Л. Бердіғожин, А. Ахмет. Кітап тарихшыларға, магистранттар мен студенттерге және барша тарих сүйер қауымға арналған. Автор өлке тарихында өзіндік орны бар Исатай-Махамбет көтерілісін жан-жақты зерттеп, зерделеген. Жаңа туынды қазіргі ұрпақты патриоттың рухта тәрбиелеуге тигізетін әсері мол болатындығы сөзсіз. Кітапты жазу барысында автор Исатай батырдың ұрпақтарын тауып шежіре шығара отырып, әсіресе көршілес Астрахань облысында тұратын И. Тайманұлының ұрпақтарын анықтау жолында көп еңбек сіңірген. Кітапта мектептердегі «Қазақстан тарихы» оқулықтарындағы Махамбет өміріне байланысты және Махамбеттің қаза тапқан жері туралы жіберілген қателіктер бар екендігіне де тоқталады.

**Ерлан БАЙМАҒАНБЕТОВ,**  
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 4-курс студенті

## «70 ЖЫЛДЫҚҚА - 70 КІТАП» ЖОБАСЫ

Жастар саясаты департаментінің ұсынуымен университетіміздің 70 жылдық мерейтойына арналған «70 жылдыққа 70 кітап» акциясы өз жалғасын табууда. Акцияның мақсаты - студенттерге рухани демалыс сыйлаумен қатар студенттердің бойларына ұлттық құндылықтарды дарыта отырып, олардың ой-өрістерін дамыту болатын.

Негізінен рухани жаңғырудың негізгі көзі кітап болып саналады. Ал бүгінгі таңда кітап оқу - адамға өзіндік әсер етіп қана қоймай, адамгершілікті қалыптастыру мен білімді шыңдауда маңызды рөл атқарып отыр. Кітап адамзаттың өмірдегі баға жетпес құндылығы болумен бірге біздің оқырмандарымыз үшін де адам білімін дамытуда мәңгілік рухани қазына болып қала бермек. Осы бағытта өткізілген акция Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романын талдаумен басталды. Шарада бас қосқан студенттер жазушы шығармасына қатысты өздерінің ой-пікірін ортаға салып, идеяларымен бөлісті.


Келесі өткізілген акцияда аталмыш жобаға қатысқан студенттердің көптеп қызығушылық танытқаны байқалды. Бұл жолы Т.Әбдіқовтың «Оң қол» кітабын оқығандар өз ойларын ортаға салды. Акцияның өткізілу мақсаты - қазақ қаламгерлерін насихаттаумен қатар тарихи - мәдени және рухани мұраларымызға құрмет көрсету болатын. Оның ішінде студент-жастарды, әсіресе, кітап оқуға қызықтырумен қатар, жазушы өмірі мен шығармашылығынан мәліметтер беріп, көркем туындыларды оқыту арқылы жастарды адамгершілікке тәрбиелеуге аса мән берілді.

Өз тілшімізден

**Ұрпақтың ұлы мұраты жолында талмай, шәкірттерін қанаттандырған ұстаздардың бірі де бірегейі Гурьев мұғалімдер институтының негізін салушы, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Тараз қаласының Құрметті азаматы – Құспан Еспендіұлы Темірғалиев (1919–2003 жж.).**

Құспан Еспендіұлы 1919 жылдың 28 желтоқсанында Батыс Қазақстан облысы, Орда ауылының Шұңғай стансасында қарапайым жұмысшы – етікші отбасында дүниеге келді. Ол жетімдікті ерте сезінді, 1924 жылы бес жасында әкесі қайтыс болды. Жанұядағы төрт баланың (оның ең үлкені сегіз-ақ жаста болатын) барлық ауыртпалығы аналарының мойнына ілінді. Осы сенім оны Астраханьдағы орыс-татар балалар үйіне алып келді. Жастайынан жетімдіктің тауқыметін тартқан Құспан Астрахань облысының, Владимир ауданының «Октябрьдің 13 жылдығы» ұжымшарына малшы болды. Балалар үйінен орта білім алып шыққан соң, 1936 жылы білімге құштар

Құспан бейбіт өмір басталған соң 1945 жылдың тамызында Қазан педагогикалық институты тарих факультетінің студенті атанады. Ол институтта 1947 жылдың сәуіріне дейін оқып, 1947 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде жалғастырады. Қан майданда шыңдалған жас офицер бар ынтасымен оқып, тарих факультетін үздік бітіреді. Ол орыс, татар, украин тілінде еркін сөйледі және француз тілін сөздікті пайдалана отырып сөйлей білетіндігін өз қолымен толтырған жеке іс парағында жазады. Университет ректоры Т.Тәжібаев жігерлі де, қайсар, жаста болса да көпті көрген, оқ-дәрінің иісін сезіп келген, майдангер офицерді жа-



# ЖАҚСЫДАН ҰЛАҒАТ

## Ректор Қ.Е.Темірғалиевтың өмірінен бір үзік сыр

жас қиындықтарға қарамай сол кездегі Астрахань медицина институты жанындағы рабфакқа (жұмысшы-фабрика мектебі) түсіп, оны 1939 жылы ойдағыдай аяқтады. Жоғары білім алуды мақсат еткен Құспан Еспендіұлы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түседі. Бірақ ол институтты он жылдан соң бітіруіне тура келді. Жоғары білім алу үшін зор құштарлықпен оқып жүрген кезінде халықаралық жағдайдың шиеленісуіне байланысты 1939 жылы қазан айында әскер қатарына шақырылып, Новосибирск қаласындағы 193-Сібір атқыштар дивизиясының 418-атқыштар полкінде әскери борышын өтейді. Бейбіт өмірді 1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия бастаған жойқын соғыс бұзып, көптеген адамдардың тағдырын күрт өзгертті. Әскери борышын орындаған соң, елге қайтып оқуын жалғастыруды армандап жүрген жиырмадағы жігіт, туған жерін, Отанын қорғау жолында қолына қару алуға мәжбүр болды. 1941 жылдың 24 маусымында Қ.Темірғалиев әскери қызмет атқарып жатқан 418-атқыштар полкінің 3-ші ротасының саяси жетекшісі ретінде майданға аттанады. 9 шілде күні полк эшелоннан түспей жатып алғаш рет неміс-фашист басқыншыларымен ұрысқа түседі. Саяси жетекші Қ.Темірғалиев жауынгерлерді алғаш ұрысқа бастап, жеңіске жігерлендірді. Полктің қаншама майдан жолдарынан өтуіне тура келді. Соғыс мыңдаған жанұяларға ауыр қайғы мен қасірет ала келді, сол қасірет Құспан Еспендіұлын да айналып өтпеді, танкист інісі 1943 жылы майдан даласында қаза тапты. 1941 жылдың қараша айындағы шайқастардың бірінде ауыр жараланып, 1942 жылдың ақпан айына дейін Шудағы госпитальда емделіп шығады. Ұлы Отан соғысындағы көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін ол I дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін», «Москваны қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды. Алты жыл бойы әскери қызметте болған

стар ұйымының жетекшісі етіп тағайындады. Университетте оқыған жылдары жас Құспанның жан-жақты ұйымдастырушылық қабілетін, іскерлігі мен талапшылдығын, жастармен жұмыс тәжірибесінің молдығын ескерген оқу орнының басшылығы қоғамдық жұмыстардың белсендісі Құспанды аса жауапты да маңызды қызмет университет жастар ұйымының хатшылығын сеніп тапсыруда қателескен жоқ. Университетте көрнекті ғалым-тарихшы профессорлар В.Е.Федаровский, С.Н.Покровский, Н.М.Пауль, Е.Бекмахановтан дәріс алды. Ол Гурьев мұғалімдер институтына басшылық жасаған 1950–55 жылдары партия жиналыстарында жастар арасында кафедрадағы тарихшылардың әртүрлі тарихи тақырыптарда жиі-жиі дәрістер оқуына ерекше көңіл бөліп отырды. Облыстық бұқаралық ақпарат беттеріне әртүрлі тақырыпта мақалалар жариялап тұрды. Институттағы лекторлар мектебінің халық арасында ағартушылық жұмыстарын жүргізуін үнемі назарында ұстап отырды. Өзі қызмет атқаратын факультетте бұл мәселе өз деңгейінде жүргізілмей отырғандығын назарға береді. «Бұқараның алдында өз мамандықтары туралы химиктер дәрістер оқу қажет-ақ, себебі біздің қаламыз химия кешенінің орталығы», – деп өзекті мәселені дер кезінде көтере білді. Қ.Е.Темірғалиев өзінің өмірлік ұстанымын «Барлық өмір жолымда адал болуға, азамат атағына кір келтірмеуге жұмыстандым», – деп түйіндейді. Ұстаз-ғалым студент жастар тәрбиесіне кешенді түрде келу керектігін, оны назардан тыс қалдырмауға ерекше көңіл бөлді. Талантты педагог, ғалым, ұйымдастырушы қандай қызметтер атқармасын, өз ісіне адал, жұмысын мінсіз атқаруға тырысты.

Құспан Еспендіұлы өмірлік жары Роза Гаязқызымен бақытты ғұмыр кешті. Жанұяда бір ұл, екі қыз өмірге келіп, өсіп-жетті. Жанұядағы балаларын жанындай жақсы көрді, ұрпағына ұлағатты тәрбие бере

білді. Ғалымның жеке архивінде сақталған жанұялық хаттарды оқи отырып, жұбайы Роза Гаязқызына деген сүйіспеншілігі, балаларына ыстық ықыласы ерекше болғандығын сеземіз. 1964 жылы 26 қыркүйекте жұбайына жазған хатында: «...Роза, өтінемін екі мектепке де кіріп шық. Балалардың сынып жетекшілерімен сөйлес. Тимур мен Нейланың оқуы жөнінде сұра. Олардың сабақта алған бағаларын хатпен жазып тұр. Олар салқын тиіп ауырып қалыпты, сол мені мазалап тұр. Уақытында балаларға қарап, дәрілерін беріп тұр. Нейланың хатын ықыласпен оқып шықтым, ол үшін өте қуаныштымын. Олардың сабағын қадағалап, тексеріп отыр. Олардың сөзі мен істерінің ұштасуына назар аударсаң», – деп жазуының өзі балаларына деген әкелік қамқорлығы, балалары әлі де кішкентай болса да, өмірде сөз бен істің бірлігін бала санасына құя беру керектігін аналары арқылы жеткізуі өмірлік тәжірибесі. Мына бір хатында «27.VIII. 65 ж. Сәлематсың ба мамасы! ... Менде Сізден басқа жақын ешкім жоқ. Әкем ерте өмірден өтті. Анаммен көп бірге тұра алмадым. Балалар үйінде өстім. Маған сен анамсың, әкемсің, ағамсың! Тек ол ғана емес, сен сенімді жұбайымсың, досымсың. Сен өзгелерге ұқсамайсың, адалсың, әділсің, ар-ожданды ойлаған әйел-еңбекқорсың. Бар дауысыммен айтамын: Мен сені сүйемін. Иә, сүйемін! Үлкен балаларыма, кішкентай құлыншағыма сәлем айт. Мен олармен мақтанамын. Біздің балаларымыз жаман емес. Оларды айналып-толғанып, көп көңіл бөлу қажет...». Осы хат мазмұнынан байқайтынымыз Құспан ағамыздың жан жарына, жанұясына деген сүйіспеншілігі, оларға қамқорлығы, іс-сапармен жырақта жүрсе де отбасы тәрбиесіне аса көңіл бөлуі көңілді толқытады.

Кезекті еңбек демалысын алып, мұнайшылардың ерен еңбегін өз көзімен көру үшін Одаққа аты дүркіреп тұрған қазақ мұнайының жаңа мол қоры көзі ашылған Маңғыстау түбегінде іс-сапарда жүріп 1965 жылдың 27 тамызы

күні Шевченко қаласынан жары Роза Гаязқызына жазған хатында: «24 тамыз күні кешке Ералиевтен келдім. Онда өнеркәсіп басында бес күн болдым. Жол өте ауыр болды. Күн ыстық, шаң-топырақ, су жоқ. Бірақ қиыншылықтың бәрін жеңуге тура келді. Маңғышылақтың қарапайым да еңбекқор мұнайшы жұмысшыларымен таныстым. Жаңа мұнай бұрғылау скважиналарын өз көзіммен көрдім. Мұнай тасқынын шығару процесін іске қосылған жаңа техникалармен жұмыс басында жүріп таныстым. Енді жазуға оңай. Ал мұнда, Шевченкодa да айналысатын шаруа жеткілікті. Қалада «Маңғышылақмұнай» бірлестігі орналасқан. Осындағы құжаттар арқылы Өзен мен Жетібайдағы мұнай ісіне байланысты құжаттармен жіті танысамын. Бұл жарты аралдың адамдары үлкен істерді тындыруда. Олардың атқарған істерін көріп, мұнай жөніндегі тарихын оқыған сайын мені одан әрі ғылыммен айналысуға жігерлендіріп, құлшындырады. Іс-сапар өте тиімді болды.

...Еңбек демалысымдағы мұнда өткен күндерім үшін еш өкінбеймін. Жұмысшылармен бетпе-бет кездесіп сұхбаттастым, олардың үйлеріне барып, тұрмыс-тіршілігімен таныстым. Мұнай тарихын жазу қажетті іс екендігіне көзім жетті. Гурьевке барғандағы жоспарым архив құжаттарымен жұмыс жасап, облыстық партия комитетінің Пленумына қатысу. Онда қыркүйектің ортасында Маңғышылақ мәселесі қаралады», – дейді. Жазған хатынан аңғаратынымыз ғалымның зерттеген тақырыбына, ғылымға деген адалдығын байқаймыз. Табиғатынан сыпайы, қарапайым, ұстаздық жолында барша ғұмырын адам тәрбиесіне арнаған ұстаз-ғалым, өз елінің нағыз патриоты Құспан Еспендіұлы Темірғалиев артына ұлағатты із қалдырды.

**Аққали АХМЕТ,  
«Мәңгілік Ел»  
ғылыми-зерттеу  
орталығының директоры,  
т.ғ.д., профессор**

# АРТЫНА ӨШПЕЙТҰҒЫН ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

эссе-естелік

Не келіп, не кетпеген бұл ғаламнан,  
Су тартылған теңізден, жылғалардан,  
Нелер ұрпақ аттанған қуған арман,  
Не бар дейсің өмірге тұлға болған...?

Мұқағали М.

Кіріспе. Дүниенің өзіндей кең, асқар таудай алып ардақты ағай Сабыр Қазыбайұлының дүниеден көшкеніне де ширек ғасырға жуықтапты...

Ақын-жыраулардың ат терлеткен дүбірі мен күмбірлеген күміс көмей жырларын түбегейлі зерттеуді мақсатының түпқазығына айналдырған Сабыр Қазыбаев – халықтық мұраны шәкірт санасына жеткізу арқылы өткенге өмір берді.

Бірінші шегініс. Зор тұлғаның кесек бет-пішініне орналасқан аясы кең үлкен көздердегі ақыл мен сабырды көргенде және азаматтық тұлғасына лайық айтар ойы күрделі түйдек-түйдек тіркестерді естігенде, оның дара да дана жаратылыс екенін мойындарыңыз хақ.

Иә, бұл – Сабыр Қазыбаевтың тәңірі тарту еткен тағдырлы ғұмыры еді.

Сабыр Қазыбайұлы 1914 жылы Қызылқоға ауданы, Жасқайрат ауылында дүниеге келген. 1924 жылы «Кермекес» мектебін бітірген. Ол біржарым жылдық педагогикалық курста білім алып, Доссор фабрика-зауыттық жетіжылдық мектепте еңбек еткен. Кейіннен сырттай Гурьев педагогикалық техникумын бітірген соң, 1942 жылға дейін Мақат аудандық «Ақшелек» мектебінде ұстаздық етіп, мектеп директоры дәрежесіне дейін көтерілген. Ел басына күн туып Ұлы отан соғысы басталғанда Сабыр Қазыбаев та ұстаздық қаламын қаруға алмастырып жауынгер сабына кірді. Ол 1942-1943 жылдары майданның нақ қызған шағында соғыс даласында алапат шайқастарға қатысып елін жаудан қорғады. Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуде С.Қазыбаев ауыр жарақаттанады. Ол екінші дүниежүзілік соғыста көрсеткен ерлік істері үшін І дәрежелі Отан соғысы орденімен және жауынгерлік медальдармен марапатталды. 1943 жылы елге оралған С.Қазыбаев еңбек майданына белсене араласады. Ол 1943-1960 жылдар аралығында Гурьев облысы мектептері мен педагогикалық училищеде ұстаздық қызметін дамыта жалғастырады. Бұдан кейінгі педагогикалық қызмет жолын 1960 жылдан өмірінің соңына дейін Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде өткізген Сабыр Қазыбаев кафедра меңгерушісі, декан қызметтерін атқарды.

Ұлы отан соғысының ардагері профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты Сабыр Қазыбайұлы осы жоғары оқу орнында ғұмырының соңына дейін қызмет етті. Ғалым – ұстаздықтың ұлы жолында сапалы білім бере жүріп батыс өңірі бойынша педагогикалық саланың іргетасын



қалауға атсалысып, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының өз алдына жеке құрған отауының негізін қалады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» бойынша кәсіби білікті мамандар дайындау факультеті, арнайы жасақталған кафедралар құрылымы тарихының басында, әрбір шәкірт-әріптесінің естелігінде алдымен Сабыр Қазыбаев есімі аталады.

Ғылым жолында да екі жүзге тарта мақалалар мен бірнеше кітаптар және монография жазып қалдырды. Оның осыншама ерен еңбегімен айқындалған өмір жолы мен ұстаздық қызметіне құрмет – Ленин орденінің иегері, КСРО халық ағарту ісінің үздігі, Қазақ КСР-і оқу ісіне еңбегі сіңген мұғалім т.б. марапаттармен көрсетілді.

Мен 1993 жылы ҚазМУУ – нен арнайы жолдамамен осы оқу орнына келген жылдары ғалым-ұстаз Сабыр Қазыбаевпен 1993-1995 жылдар аралығында бір кафедрада қызмет етіп, өнегесін көріп, тәжірибе алдым, шәкіртпен жұмыс істеуді үйрендім. Бір өзі – бір мектепке айналған ұстаз әрдайым сабырлы, ақылды, ұстамдылығымен кафедраға маңыздылық беретін. Өзіне ғылым жолында шәкірт, өмір жолында тұрғылас, замандас, сырлас азаматтар Жұбат Жантасов, Қадыр Жүсіп ағайлармен кеңесіп, пікір бөлісуі сол кездегі еңбек жолын жаңа бастаған Гүлнәр Жұмабаева, Білім Тәжбентаева, Гүлзира Аяпова, Жайлы Балтоғаева жас буын – біздерге үлкен сабақ болды.

Қоғамдағы өзгерістерден абдырап, қиналып, сарыуайымға салынған 90-ыншы жылдардың соңғы тұсында да, ол: «Бүгінгі күннің қиындығы ма, мен бұдан да қиынын көргенмін деймін де, жүре беремін» – деуші еді. Ол өзінің өмірден көргенін өнеге етіп

ғибратты әңгімелерді көп айтатын, әсіресе кеңес тұсындағы жекебас зардабы, майдан жорықтары, одан кейінгі еңбек саласындағы тартыстар туралы кеңінен толғайтын.

Иә, алдымызда ОЛ жүргенде біз де биіктеу, ірілеу, адамдау, адалдау болуға көбірек тырысатынбыз. Біз емес-ау, ішімізде бір нәрсе соған ұмтылатын. Шәкірттік сезім болса керек... Ол – жәй тұлға ғана емес, кешегі уақытпен бүгінгі уақытты байланыстырар үлкен істерге араласқан тағдырдың иесі еді. Оның жаратылысы жәй ғана ғалым, ұстаздан да жоғары – бір ғасырға жуық тарихтың сомдаған тамашасы, куәсіндей болып көрінетін. Тамаша дейтініміз біздер үшін патриоттық пафостағы ұшқары теңеу ғана болып табылатын: «қардың өзін жамылып, мұз жастанған», шексіз трагедиядан тірі келген – Адам. ...Адам деген аяулы ат.

С.Қазыбайұлы саналы өмірін сапалы ұстаздық мақсатқа сарп еткен Адам, сексеннің сеңгірінде де өмірлік сезіммен серіктесіп, ертеңгі сәулеге ұмтылдырар күшті – сүйікті мамандығынан таба білу, шәкірттерді сезіну, сүю, рухы күшті адамның қолынан келер ғана ерлік. Ұстаздың ұстазына ғана берілер бақыт.

Иә, өмір белестері сұлу сағымдай сырғып ертеңіне елес қана қалдырары ақиқат. Өмір – деген кереғар қарсылықты сезімдердің арпалысы. Ол – бір кеуде де тіршілік тауқыметінен тарыққан пенде мен рухани күшті дәтке қуат етер адамдық бейненің қатар өмір сүруі. Қу тірлікті тәрк етіп, еңсесін биік ұстағысы келетін тәкаппар сұлу сезімдердің мазалауы. Кейде сол сұлу сезімдердің қысқы шашырап түскен күн сәулесіндей шуаққа өте сараң тартуы... Сананы болмыс, адамды тұрмыстың билеуі тағы да «тағысын» деп сайрайтын қызыл тіліміз өмірдің Сіздік мазмұнын білгенде тосылып тоқтары сөзсіз. Өйткені сіздегі үлкен жүрек «өмір» деп әлі соғып тұрғандай. Себебі, бүгінгі ғылымның жаңа ізденістерімен жетістіктерінде сіздің жазып қалдырған мұраларыңыз әдебиет, тарих, саясаттану, құқық салаларына әдебиет ретінде қызмет етіп жатса («Қазақ хандығының күшеюі кезеңіндегі жыраулар поэзиясындағы саяси-құқықтық ойлардың эволюциясы») тағы да басқа, өлкетанушы ғалымдардың зерттеу еңбектерінде Сіздің өміріңіз бен еңбегіңіз (т.ғ. кандидаты Қ.Сүндетұлы Ұстаз. Майдангер. Ғалым.) тақырып айдарына айналуда. Ең бастысы профессор Сабыр Қазыбаевтың өзі қолжазбасын дайындап кеткен «XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (Жыраулар поэзиясы) ф.ғ.д., профессор Қ.Жүсіптің дайындауымен 2004 жылы жарық көрді. Бұл зерттеу еңбек – ғалымның өзінің зерттеген бағытын түйіндеген, бүгінгі білім саласына қосқан үлкен үлесі. Бұл – ғалымның екінші өмірі деп танымыз.

Ж.БАЛТОҒАЕВА  
ф.ғ.к., аға оқытушы



Фарица ЖЕТПІСБАЕВА,  
Х. Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік университеті  
филология мамандығының  
2-ші курс студенті

### ФАРЗАҒА СЫР

Айналамды ер емес ез мекендеп,  
Біреу мені күндейді озды екен деп.  
Жабыққанда еске алам жұбанышым,  
Апам қалай бәріне төзді екен деп.

Сіз айтқандай бұл күнде бәрі ақылды,  
Жарып жүрген кей жандар қара қылды  
Қорлағысы келеді сезімімді,  
Торлағысы келеді қанатымды.

Таза болсам деп едім мен өлеңдей,  
Болмысымды тұрасыз елегендей.  
Елесіңіз торықсам көз алдымда,  
Маңдайымнан сипалап демегендей.

Етектің қалмай түк бағалары,  
Қынжылтады мені осы одан әрі.  
Көп ағам жүр ерлерге сөзі өтпейтін,  
Нәзік жанға жеткенмен шамалары.

Бар мұңымды аластап, лақтырып,  
Шыдап жеңем, күлемін жылап тұрып.  
Өз жарамды жазамын өлеңменен,  
Көтерілем қайтадан құлап тұрып.

Бәріне де көнеді адам көнсе,  
Мойындатам мен әлі бағамды ерше.  
Әттең бірақ жан апа төзімменен,  
Сіздегі мықтылықты маған берсе...

Талпынысым бойдағы алмай тыным,  
Енді ерлікті белгілі жалғайтыным.  
Мойындатам мен апа тек сіз үшін,  
Фаризалар мүлде осал болмайтынын!

### РОМАНТИК

Аталып ел алдында сырбаз ақын,  
Шықса тек көмейімнен бір ғажап үн.  
Романтикпін қызымды алдап-сулап,  
Қызғалдақтай гүл бермей, жыр жазатын.

Қызды қайтіп алдасын салмақты ұлың,  
Махаббаттан ақының алмақ тыным.  
«Романтигім бол» десе дәл сендей қыз,  
Ұсынамын гүлдердің таңдап бірін.

Жазған жырым оқ болып жауса мына,  
Сендей қыздың тимесін тау шамыңа.  
«Романтигім бол» десең тізерлеп кеп,  
Гауһар жүзік тағайын саусағыңа.

Сенің білем тілімді алмасыңды,  
Иесің ау бұлдансаң сәл басыңды.  
«Романтигім бол» десең таң атырмай,  
Алдыңа әкеп берейін таңғы асыңды!

Ақын ашар махаббат күйдің құлпын,  
Бәлкім жасар өзіңе, сыйдың ғұрпын.  
«Романтигім бол» десең алып берем,  
Бір көлікпен, бес бөлме үйдің кілтін.

Тамызымда тұрса шын тамылжып үн,  
Бағаламай жатыр-ау бағыңды кім?  
Романтигім бол демес бұрын маған,  
Әуелі өзің боп алшы қалыңдығым.



Нұржол ЖАҚСЫЛЫҚ,  
Х. Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік университетінің  
журналистика мамандығының  
2-курс студенті

Жағдайымның қазіргі шамасына,  
Қарап сыйлық беремде бағасына.  
Әзір саған жасамай мұның бәрін,  
Жасаймын тек үйдегі Анашыма!

Кем де шығар, анамнан бағаң да сәл,  
Содан саған көңілім алаңғасар.  
Балаға ана, маған жар болсаң егер,  
«Анама» деп барлығын балаң жасар!

Ал менен ештеңе күтпе...)



### ӨМІР СЫРЫ

Өмір деген - ұнату,  
Ұнатқанға жетпейсің.  
Өмір деген - ұнамау,  
Бәріне ұнап өтпейсің.

Өмір деген - жылату,  
Жылатқандар кінәлі.  
Өмір деген - жыламау,  
Жыламауға жоқ әлі.

Өмір деген - құлату,  
Биігінен бақыттың.  
Өмір деген - құламау,  
Бұл еншісі уақыттың.

Өмір деген - сұрату,  
Бере алсаң аяма.  
Өмір деген - сұрамау,  
Қолда барды аяла.

Өмір деген - сағыну,  
Сағынышың жырақта.  
Өмір деген сағынбау,  
Ұмытпайсың бірақ та.

Өмір деген жағыну,  
Көтеріліп қалам деп.  
Өмір деген жағынбау,  
Өз күшіммен алам деп.

Өмір деген бағыну,  
Бір құдайға жаратқан.  
Өмір деген бағынбау,  
Адамға у жалатқан.

Өмір деген жалыну,  
Күнің соған байланып.  
Өмір деген жалынбау,  
Көңілің бір сәт жайланып.

О дүниеге асықпа,  
Өмір деген тәттірек.  
Өткен шақтан кешегі,  
Келешегің сәттірек.



Ізбасаров Есенбай СЕРІКҰЛЫ,  
Х. Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік университеті  
филология мамандығының 2-курс студенті



**Баймұрат КЕНЕС,**  
Х. Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік университетінің  
журналистика мамандығының  
2-курс студенті

### КҮНДЕРГЕ КҮНӘ АРТПА

Сарқылма сабырым, көңілім тына қал...  
Келгенде көктемім сезімдер бұр атар.  
Құба таң сәулесін қарсы алған көз ілмей  
Пендеміз күнәһар.

Күзге де қапа боп қалғанбыз, өткенде,  
Жанымды жылатып, жаңбырын төккенде.  
Бақытты секілді уайымсыз жүреміз,  
Бірақ ол – бетперде.

Бір бақыт күткенбіз, көкейде сан күдік,  
Тілгілеп жүректі, тағатты талдырып.  
Кездесу тағдырдың жазғаны, десек те  
Қоштасу – заңдылық.

Күнәға батқанбыз, қателік ұлы күн,  
Ластадық сезімнің мөп-мөлдір тұнығын.  
Жанымды жылатып, жаралы жүректің,  
Шығардың ығырын.

Бақытты қылмаған күндерге кінә артпа,  
Сүйгендер-бақытсыз жандар ғой,  
Бірақ та.  
Шындықпен жүректі жарала, рұқсат,  
Тек.  
Өтірікпен жұбатпа.

\*\*\*

### БАҚЫТҚА ЖАРАЛМАҒАН

Махаббат қалашығы. Қараша түн,  
Армандарым айдан да әрі асатын.  
Мені сұлу сезімдер сыртқа тепкен,  
Тағдырым-ай. Бағыммен таласатын.

Ымырт түнде шер- мұңын ақтарды күз,  
Түнмен қосып кірпігін қаққан бір қыз.  
Көңілімді мазасыз кернеген күй,  
Оған куә болатын –  
Аспан.  
Жұлдыз.

Мөлдір айға сезімнің паңдығы ұнап,  
Жабырқаулы бейнелер,  
солғынырақ .  
Тоғыспаған жол жатыр бөлек-бөлек  
Жараланған жүректер қалды жылап.

Телміреді ай, белгісіз не болары ?  
Дамыл тауып дүние дем алады.  
Жарым түнде бармаймын үй жағыңа  
Сыңсуға серенады.

Сөнген сезім. Сүйгеннің бәрі алдаған...  
Кеше біздер жүрген жол тарам-тарам.  
Жазғаны осы тағдырдың, біздік ғұмыр,  
Бақытқа жаралмаған.  
(Кешірім өтінемін)

### САҒЫНДЫМ ӘЖЕ ӨЗІңДІ

Сол бір сәт аяздайын батты маған,  
Мен үшін көрінді ғой дүние жалған.  
Өмірімнен жұлып алды бір-ақ жанды,  
Қайта оралмас мекенге хақ-Тағалам.

Тайғақты, желтоқсанның кеші еді,  
Сырт жайдан денем мұздап сала берді.  
Жан әжем кетті мәңгі арамыздан,  
Соққандай алдан қыстың суық желі.

Елеңдеп сізді іздеймін асыл Әже!  
Кездестіріп қалардай қарсы алдымнан.  
Қорғаным, қамқоршым-ең сәби шақта,  
Бесікте мені тербеп ән салдырған.

Қайда кеттің біздерден жаным,әжем!  
Ұйықтап жатып түсімде сізді көрем.  
Мейірімі мол ақ әжем арамызға,  
Оралмайды-ау күн сайын тілегенмен.

Сағынсам да өзіңді қанша жерден  
Қайта келмес тіршілік-өмір өзен.  
Тілеймін қалған жерде Тәңірімнен,  
Жәннәтта болсыншы деп менің Әжем...



**Ботагөз ҒАЛЫМЖАНОВА,**  
Х. Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік университетінің  
филология мамандығының 2 курс студенті



**Мəhmet НҮРТАЙ,**  
Көп тілді білім беру факультеті  
филология мамандығының 3 курс студенті

### ЖҮРЕК СЫРЫ

Жанарың жанды жұбанып көрмей жабығып  
Жұлқиды есің жұлым жылдардың желісін.  
Көңілің күйреп көрмеген ешбір жан ұғып  
Еңкілдей бердің не үшін.

Елең де алаң сәт туып сосын жадымда  
Жылжып барады жер шары сынды көз  
жасың  
Ақ құба беттей жасыңды жұтып алдым да  
Тылсымға айналдым, кеңістік болып  
туғасын.


Кездерде керуен күй көшіп жатыр көңілшек  
Кереғар тағдыр тоғыстырыпты біздерді  
Мен де жылайын, сіз де жылаңыз бүгінше  
Жыр да жылайды, кім білсін бәлкім сізге  
ерді.

Тоңғақ ойлардың тостағындағы у шәрбат  
Төңкеріп тастап, тәлтіректеді, тозды ақын.  
Қытымыр аяз тұндырған жасың шытынап  
Қысқа айналдырды қағілез, қатал күз де  
атын.

Паң болмысымды орамал қылдым жасыңа  
Топалаң тағдыр тұтқасын бермей қойғасын.  
Қауқарым құлады тәтті мұңыңнан асуға  
Ұмыту – сірә көңілге күмән ойға сын.

Жас парлап келіп жатсынды жерді, адамды  
Ақындығымды аттап өтті де шерменің.  
Содан кейін бе сағыныш сазды санамды  
Көз жасын әлі тыя алмай жүрген сен дедім.

Қателігіне қалтырай қарап жас үдеп  
Қара көздердің таусылар емес жылғасы  
Кіл күнәларды кеше ала ма екен бұл жүрек  
Кіл күнәларды кеше ала ма екен бұл ғасыр.





# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ-АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫ



Ұлы даланың ұлы перзенті Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы барша қазақ халқына баға жетпес рухани қазына сыйлаған адам. Абай тұңғыш рет қуатты ойын суарып, қазақ философиясын поэзиямен өрнектеді. Өмір, махаббат, өлім, әділет ұғымдарына ғарыштық мағына берді. Терең зерттеліп – зерделенбеген жағдайда бұларды түсіну оқырманға қиын соғады. Абай мұрасының ұлылығы оның ішкі сыры мен мәнінде жатыр.

Өткен XX ғасыр куә, Абайдың даналық өсиеттері, өлеңдері, қара сөздері қазақ халқына қалтқысыз қызмет етті. Ұлы ойшыл күллі адамзатқа ортақ жантану, кемел адам, сияқты өлмес ілімдердің иесі. Алыс – жақын шет елдерде қазірдің өзінде қазақ данасының кемеңгерлігі мойындалып, ескерткіштер орнатылып, көше аттары беріле бастады.

Абайдың қай шығармалары да терең философиялық ойларға толы. Ол материалдық дүние мен идеялық дүние арақатынасы шешілетін адам проблемасын өткір түрде алға тарта білген. Ойшылдың қаламынан философиялық идеялардан да тұратын. «Ғақылия» немесе «Қара сөздер» – атты еңбек туды. Жүсіпбек Аймауытұлы 1917 жылы «Абай» журналында жарияланған «Журнал туралы» – атты мақаласында Абайдың дарынына алғашқылардың бірі болып баға беріп, былай деп көрсетті: «Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан нағыз философ данышпан» – деп жазған болатын. Ұлы кемеңгер туралы қалам тартқан авторлардың барлығы, оның қазақ халқы үшін ренесанстық тұлға екендігі, Абайтанудың өз халқымызды, та-

рихымызды мәдениетімізді тану, оларды әлемге таныту, сол Абай үлгісімен халқымыздың бүкіл рухани байлығын терең игерудің қажеттілігін мойындайды. Ал, белгілі Қазақстандық философ Ғ.Есім «Абай туралы философиялық трактатында» Абай «ренесанстық тұлға деп мәлімдеді. Ұлы ақынның қиын-қыстау соғыс жылдарында 1945 жылы 100 жылдығының тойлануы ойшылдың қазақ әдебиетінде қаншалықты орны зор екенін көрсетеді. Сол кездегі «Абай азат ойшыл» – атты мақала жазып, «Данышпан Абай» тақырыбына баяндама жасаған Ақжан Машановты атауға болар еді. Ол өзінің «Әл-Фараби және Абай» – атты еңбегінде «Абай шығармасы әдебиетке сыймайды, оның ойшыл философ екені мәлім.» – деген тұжырымға келеді.

Халқымыздың тарихында даналықтың нағыз шығыстық көрінісін Абайдың дүниетанымынан, шығармашылығынан тұтастанған тереңдеген сипатта көре аламыз. Әсіресе, оның жастарға өнегелі жолға сілтейтін, идеялық маңызы бар шығармасы «Ғылым таппай мақтанба» – атты еңбегінен көреміз.

«Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол» деген өлеңінде Абай жас ұрпаққа адамның жақсы, жаман қасиеттерін аса шеберлікпен жеткізеді. Әрине, адамның қандай жолды таңдаудағы еркі өзінің жеке басының құзырында. Бірақ сол көп жолдардың ішінде адамның өзіне рухани пайдасын тигізетінін көбіне ғұламалар тереңірек аңғарады. Абайдың осы бір өлеңінде айтылған сөздер оның жетінші қара сөзінде де жалғасын тапқандай: «Жас бала анадан туғанда

екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Демек, біреуі – білсем екен демелік. Не көрсе соған талшынып, жалтыр – жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай – керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Ал, екіншісінде «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?» Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде, хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп те таласпайды екен.

Абай адам табиғатын этикалық тұрғыдан қарай отырып, оның тұтас алғандағы кісілік қалпын, ұжданды, «сегіз қырлы, бір сырлы», сыр-баз адам, яғни кемеліне жеткен «толық адам» кейпінде алға тартады. «Адам деген даңқым бар» – дейді Абай. Сол арқылы ол неден қашық, неге асық болуға керектігін үндейді, жақсылық пен жамандықтың, надандық пен имансыз адамның шынайы мәнін ашады. Абайдың философиялық бағдарламасы «Ғақылияның» бірінші қара сөзінде берілген. «Ғақылияны» философиялық трактаттар деп қарауға негіз бар. Себебі, қысқаша философиялық трактаттар ежелгі дүниеде пайда болып қазіргі кезге дейін рухани және мәдени өмір кеңістігінде орын алып келеді. Мысалы, ежелгі Үнді біздің заманымызға дейінгі екінші ғасырдан бастап біздің заманымыздың жетінші ғасыр аралығында әртүрлі мәселелер бойынша қысқаша философиялық трактаттар әрі қарай дамытуды, толықтыруды, әртүрлі қосымшалар беруді талап ететін жүйелер болды.

Абай «Ғақылиясының» бірінші қара сөзінде «Жаза берейін ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын. Кімде кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе өз сөзім өзімдікі» – деп қорытындылайды. Данышпан ақыннан философиялық айдармен басылған шығарманы күтудің қажеті жоқ. Бірақ оның поэзиямен қатар проза жанрын пайдалануының өзі философиялық толғаныстар диапозонының кеңдігін, қарама-қарсы жақтарды бірлікте ұстай алатын терең ой иесі екендігін дәлелдейді. Абай таным субъектісі ретінде белсенді қарекетшіл, іс-қимыл қозғалыстың адамы «...алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілдікті көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік, қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрін қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай қайранмын» – деп қорытады.

Абай жақсыға да, жаманға да қайран қалады. Бұл Аристотельдің философиялық бастауы болған таңдаулы, Декарттың күдіктенуі сияқты Абай дүниетанымындағы бастапқы философиялық принцип. Ақын өзінің көңіл күйін, ішкі толғаныс сырын, жанын мазалаған ойларын, поэзия тілімен өрнектелген логикалық тұжырымдарын көпшілікке жеткізуге ұмтылады. Ұлы ойшыл табиғат құбылыстарына, оның заңдарына, шексіздігіне, ұлылығына, сұлулығына таң қалған болса, қоғам мен адам динамикасына қайран қалады. Автордың пікірінше, таңқалу, қайран қалу ұғымдары қарама-қарсы жүйелердің ішкі мәнін ашуға бағытталған. Таң қалу Абайды өнерге, поэзияға жетелеген болса, қайран қалу оны жетілген таным субъектісі ретінде философиялық толғаныстарға итермеледі.

Ұлы кемеңгердің еңбектерінде болашаққа деген оптимизм бар. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген тұжырымы жастардың белсенді өмірге, білімге, ғылымға, рухани даму жолына шыға алатынына кәміл сенімін көрсетеді. Өзі бұрын дүниені сезімдік, қарапайым пайымдау деңгейінде бейнелеумен шектелген болса, енді ақылға бетбұрыс жасадым деген сияқты. Яғни, «біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке сермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз» – деп жетілдіре түседі. Бұл – надандықтан сақтандырып, көкірекке білім, ғылым нұрын түсіруге шақыру. Кешегі кеңестік дәуірде «Абайды трагедиялық тұлға деп таныдық. Бірақ біз оны қазіргі таңда басқаша айтамыз: «Абай нағыз бақытты адам, өйткені ол бүкіл ұлтының сана-сезімін соны деңгейге дейін көтерген – Тәңірінің ұлы миссиясын орындаған ренесанстық тұлға».

Әл-Фараби бабамыз: «Тәңіріңді тану – ең жоғарғы ғылым, одан биік ештеңе де жоқ» дейді. Ибн Араби: «Данышпандық мөрі» – атты әйгілі шығармасында «Кәміл адам жүрегінің тиянағы – Жаратушысын танып білу» – дейді. Атақты Руми: «Бақытты өз жүрегінен табатын адамды әулие дейміз» – десе имам әл-Ғазали осы ойды: «Адамның бақыты Құдайды танып, оған махаббат қылудан», – деп тиянақтай түседі. Міне, Абай жүрегі де бір Алламен қауышуды тілеген, өлімнің көзіне тура қарап, қорықпаған. Хакім өлімді жеңерінде білген: «Өлді деуге бола ма, айтындаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – дейтіні сол.

Қорыта келгенде, Абайдың философиялық дүниетанымының диалектикалық жолы, ыстық қайраттан нұрлы ақылға одан жылы жүрекке бастау алады. Мұны қазіргі ұрпақ санасына сіңіріп, басшылыққа алуға және мойындауға тиісті деп қабылдауымыз керек.

**С.Б.АЙМҰРАТОВ,**  
Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік  
университеті  
Әлеуметтік-гуманитарлық  
пәндер кафедрасының  
меңгерушісі, Философия  
ғылымдарының кандидаты

**Биыл туғанына 1150 жыл толып отырған Әбу Насыр әл-Фараби қазіргі Қазақстан жерінде, Түркістан облысының территориясындағы Отырар қаласында (Отырардан солтүстік-батысқа қарай шамамен 20 шақырымдай жердегі Сырдария жағасындағы Весиж қалашығында) 870 жылы дүниеге келген.**

Ғұламаның толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби ат -Түркі. Сондықтан ол ортағасырлық қыпшақ даласынан шыққан түркітөкес, бірақ бүкіл ғылыми мұрасын сол кездегі ғылымның тілі-араб тілінде жазған араб-ислам философы деп саналады. Әлемге «араб-ислам» атымен таралған ғылым мен философияның өркендеуіне басқа халықтар өкілдерімен қатар қазақ даласынан шыққан Әбу Насыр әл-Фарабидің де үлес қосқанын бүгінгі ұрпақ мақтаныш санауға әбден болады. Ол Еуропаға латынша Alfarabius деген атпен таныс болған. Алғашқы білімді туған қаласы Отырар мен Бұқарада

арқылы қайта табысқанын айта кеткен жөн. Қазіргі еуропа ғалымдары мен философтарының оған деген құрметінің мысалы ретінде мынаны айтуға болады. Парижде 2010 жылдың 18 қарашасында ЮНЕСКО штаб пәтерінде Бүкіләлемдік философия күні «Әл-Фараби және Еуропалық ренессанс дәуірі» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өткен. Сол жиында әлемнің әр елінен келген ғалымдар Әл-Фарабиді Еуропа Қайта Өрлеу мәдениетіне, жалпы Еуропа өркениетінің дамуына зор үлес қосқан ойшылдардың бірі екендігін атап айтқан. Сондықтан әл-Фарабидің ғалымдығы мен ұстаздығын тек Шығыс елдері, араб халықтары ғана

Ғылымға үлкен көңіл бөлген ол сол кездегі ғылымның классификациясын жасап, оны теориялық және практикалық деп екі салаға бөледі. Теориялық ғылымдарға: логика, жаратылыстану ғылымдары, математика, практикалық ғылымға: этика және саясаттануды кіргізеді. Ойшылдың осы саладағы ойлары кейінгі әлемдік ғылымның дамуына, ғылымды танып-білуге, оның әдістерін одан әрі зерттеуге әкелді. Оның осы мәселеге арналған еңбегі «Ғылымдар классификациясы», «Мәселелердің бастауы», «Зерденің мәні туралы», «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Музыканың



# ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒЫСТЫҢ «ЕКІНШІ ҰСТАЗЫ»

алған деген мәлімет бар. Кейін Ирактағы Араб халифатының орталығы Бағдат қаласында білімін толықтырып, ғылым жолына түседі. Әбу Насыр әл-Фараби 941 жылы Дамаск қаласына көшіп, қалған өмірін сонда өткізеді. Ол әлемдік ғылымның философия, математика, музыка теориясы, саясаттану, логика, этика, физика, астрономия, геометрия және тағы басқа бағыттарына үлес қосқан ғұлама ойшыл. Әлемге Әбу Насыр әл-Фараби ең біріншіден ортағасырлық араб-мұсылман философиясының аса көрнекті өкілі ретінде танымал. Осы еңбегі үшін оны арабтар өздері бірінші «ұстаз» санаған Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атады. Ол бұл атақты Аристотель еңбектерін жан-жақты зерттеп, оның еңбектеріне түсіндірмелер жазғаны үшін алды. Осылайша Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен өркениетін жақындастыруға өзінің үлесін қосты. Сондай-ақ ол Платон еңбектерін де зерттеп, оған түсіндірмелер жазды. Жалпы орта ғасырлық еуропаға ең танымал араб ойшылдары Әбу Насыр әл-Фараби мен Ибн Рушд (Аверроэс) болды. Оның еңбектері көптеген араб ғалымдарына үлгі болуымен қатар ортағасырлық Еуропа ғылымының дамуына да ықпал етті. Басқасын айтпағанда, ортағасырлық еуропа философтары өздері қол үзіп қалған грек ойшылдары Аристотель мен Платон еңбектерімен Әл-Фараби

біліп қойған жоқ. Оның еңбектерімен Батыстағы Ренессанс, Жаңа заман дәуірі кезеңіндегі ұлы адамдарының бәрі де таныс болды. Сол замандағы Ф. Бэкон, Лео-

нгардо да Винчи, Н.Коперник, Г.Лейбниц сияқты ғалымдар одан көп үлгі алған. Шығыстың екінші ұстазы атанған Әл-Фарабидің ғылым саласындағы атқарған еңбегі ұшан теңіз. Ең әуелі ол үлес қосқан ғылымдарды қарасақ, оның сол кездегі барлық ғылымның саласына дерлік үлкен еңбек сіңіргенін көреміз. Философия, музыка теориясы, логика, математика, медицина, психология, этика, тіл ғылымы, саясаттану, химия саласындағы еңбектері осының куәсі. Әл-Фараби ислам өркениетінің гүлденген кезінде этикалық, имандылық құндылықтарын әлемдік философиялық ой деңгейінде меңгерген интеллектуалдық тұлағ болып, өз заманындағы философия мен ғылымның дамуына қосқан еңбегі ұшан теңіз. Өзінің ғылыми ізденістерімен адамзат дүниетанымының кеңеюіне, жалпы адам баласына ортақ рухани мәселелерді шешуге шексіз еңбек сіңірді.

үлкен кітабы», «Ақылдың мәні туралы» еңбектері латын тілі арқылы бүкіл Еуропаға таралып, Батыс ғылымының дамуына зор ықпал етті. Ең танымал еңбектері

«Фараби өз заманында асқан музыкант, тамаша орындаушы, композитор, музыкалық аспаптар жасайтын шебер, музыканың тарихын, теориясын, орындау әдістерін түгел білген адам. Оның өзі жасаған «Канун», «Қыпшақ» атты аспаптары болған. Тегінде, шығыс елінде сол кезде одан асқан музыкант болмаған.

мен адам тәніндегі мүшелер жөніндегі оның келіспеушілігі туралы қарсылығы», «Жануарлар [денесінің] мүшелері, олардың қызметтері мен потенциясы туралы» трактаттары соңғы кезде орыс тіліне аударылып, зерттеле бастады. Жалпы зерттеушілер ұлы ойшылдың шығармаларының саны 160-200 арасында деп санайды.

болды. Соның бірі ғалымның зерттеулерін, дүниетанымын ислам мәдениетінен тыс көрсету болды. Тәуелсіздік алғаннан бері бұл оқиғаның да орны толықтырылды. Қазір ғалымның еңбектері объективті түрде, өзі өмір сүрген ислам өркениетінің құндылықтары мен тарих-мәдени алғышарттары аясында зерттелуде. Кеңес жүйесі ыдырағаннан соң, 1991 жылы 23 қазанда бұрынғы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне ұлы ғалым «Шығыстың екінші ұстазы» - Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі берілді.

Орта Азия мен Қазақстанда әл-Фараби мұрасын зерттеу өткен ғасырдың 60-шы жылдары басталды. Сол кезде ғалымның туған жеріне байланысты кереғар көзқарастар болғанымен, 1975 жылы қазақ ғалымы Ақжан әл-Машанидің бастамасымен әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде Алматы қаласында өткізілді. Сол кезден бастап Әл-Фарабидің мұрасы елімізде жан-жақты зерттеле бастады. Республика

Қазіргі кезде біздің еліміз тарихи ренессанс кезеңінде тұр. Еліміздің жаһандану заманында дамыған елдердің көшіне еруі үшін мемлекет тарапынан іске асырылып жатқан шараның бірі - дарынды жастарды шетелдік алдыңғы қатарлы оқу орындарында оқыту екені белгілі. Сонау бір тарихи заманда білім іздеп таяу шығыс елдеріне кеткен ұлы ойшыл әл-Фарабидің бүгінгі ізбасарлары да өз елі мен әлемдік ғылымға сүбелі үлестерін қоса білсе, ортағасырлық даналық пен бүгінгі ғылымның сабақтастығының жарқын көрінісі, Фараби салған интеллектуалдық жолдың жалғасы болатыны сөзсіз.

«Ғылымдар энциклопедиясы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Музыка туралы үлкен трактат» деген шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Ғалымның «Вакуум» еңбегін кейбір ғалымдар осы саладағы тұңғыш еңбек деп санайды. Тіл білімі мен поэ-

тика саласындағы еңбектері: «Өлең мен риторика жайлы кітап», «Риторика жайлы кітап», «Каллиграфия туралы кітап», «Сөздіктер жайлы». Оның медицина саласындағы «Адам [тәнінің] мүшелері туралы» және «Галеннің Аристотель-

Фылым Академиясының философия институтының жанынан фарабитану тобы құрылып, ұлы ғалымның еңбектерін туған жерінде зерттеу жолға қойылды. Бірақ ол зерттеулердің кейбір идеологиялық себептермен байланысты кемшіліктері де

Өмірбек БЕКЕЖАН,  
Философия  
ғылымдарының докторы,  
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры

Ғылым

## АҚЫНДАР БАҚ СЫНАҒАН СӘТ



Соңғы уақыттары Атырау өңірінде неше бір дарынды жастардың басын қосқан айтыс өнері ұйымдастыру өз деңгейінде жалғасын тауып келеді. Оның өзі әсіресе өнерге бай өңір атанған мұнайлы өлкенің жастары үшін сахна төрінде шыңдалуда зор мүмкіндіктер туғызып отыр.

Бұл айтысты ұйымдастыруда Қазақстан Жазушылар одағының Атырау облыстық филиалының директоры Қойшығұл Жылқышиевтің еңбегі зор. Соның куәсіндей Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» атты облыстық ақындар айтысы өткізілді. Ақындар айтысында қазылық жасап, жеңімпаздарды анықтаған әділқазылар алқасының құрамында ақындар Жәниба Қарасаева, Саадат Нұрманов және Баязи Әбдешов болды. Ұлы Абайдың мерейтойына

орай ұйымдастырылған бұл айтысқа барлығы 18 ақын қатынасып, олардың ішінен 9 жұп өзара өнер көрсетті. Қорытынды есеп бойынша әділқазылар алқасының шешімімен айтыскерлер арасынан үзік деп танылған Жәнібек Садыров бас жүлдені қанжығасына байлады. Жұлделі I-ші орынға Шалқарбай Ізбасаров, II-ші орынға Серік Қойшығұлов және Амангелді Панабердиев ие болды. Сонымен қатар, жүлделі III-ші орынды Өнербек Дәулекенов, Фариза Жетпісбаева, Алшынбек Мұқанғалиев өзара бөлісті. Жұлделі орынға ие болған ақындар республикалық айтыстың іріктеу кезеңіне жолдама алды. Бұл арада бір айта кетері ақындар айтысының қатысушылар қатарында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенттері де өнер көрсетіп, жүлделі орындарға ие болғанын мақтанышпен айтуға болады.

## ӘН МЕН ЖЫР КЕШІ

**17 ақпан күні ғылыми кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен қазақ халқының ұлы ақыны, әдеби тіліміздің негізін салушы, аудармашы, сазгер, дана әрі дара тұлға А.Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына орай ұлы ойшылдың шығармашылығын насихаттауға арналған «Ән мен жыр керуені» атты әдеби-сазды кеш өткізілді.**

Кештің мақсаты - студенттерді ақынның өнегелі өмірімен таныстыра отырып, кемеңгердің рухани асыл-мұраларын насихаттап, бүгінгі ұрпақ үшін тәрбиесі мол жырларын мәнерлеп айтқызу және әдеби мұрасын зерттеуге тарту. Уақыт өте Абайдың рухани дүниесіне терең бойлап, оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түсудеміз. «Қазақтың бас ақыны» атанған Абайдың ұлы мұрасы бүгінгі заман талабына сай қайтадан түлеп, жыл өткен сайын жаңғырып ұрпақ тәрбиесінде өзіндік үлесін қосып келе жатқаны зор мақтаныш. Әдеби кеш өту барысында «Жастар және Абай» атты ұғымда ұлы ақынның мұрасын жан-жақты саралауда қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс студенттерімен (кураторы Г.Б.Аяпова) үлкен белсенділік көрсетті.

Тағылымы терең әдеби кешке университеттің ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Дидар Ғалымұлы, қадірменді ұстаз, ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор Қадыр Өтегенұлы қатынасып, кітапханашылардың ақын шығармашылығын студенттер мен

магистранттарға кеңінен танытуға арналған игі жұмыстарына сәттілік тіледі.

Кеш барысында «Абай мұрасы - халық қазынасы» атты слайд көрсетіліп, ақынның кітаптары мен зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен ұйымдастырылған кітап көрмесі таныстырылды. Биылғы жылы «Бір ел - бір кітап» акциясында ұсынылған М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы мен Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романдарының да кітап қорындағы саны айтылды. Әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін мәнерлеп оқумен қатар, ақын әндерін нақышына келтіре орындады.

«Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» - дегендей Ұлы кемеңгерге арналған әсерлі кешке қатынасқан барша қонақтарымызға, оқытушылар мен студенттерімізге айтар алғысымыз шексіз. Бұндай шаралар алға қарай да жалғасын таба бермек.

**Зәуреш ИБРАШЕВА,  
Ғылыми кітапхана  
директорының м.а.**

## ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

Университетімізде Атырау қаласының Құрметті азаматы, Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз, әдебиетші ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Сабыр Қазыбайұлының 105 жылдық мерейтойына арналған «Профессор С.Қазыбайұлының ғылыми мұрасы: тіл, әдебиет және білім берудің өзекті мәселелері» атты аймақтық ғылыми-тәжірибиелік конференциясы өтті.



Конференция Атырау университетінің 70 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы атаулы даталарына орай тіл және әдебиеттің өзекті мәселелеріне арналды. Конференцияны филология ғылымдарының докторы, профессор Жүсіп Қадыр Өтегенұлы жүргізді. Алғашқы сөз педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлына жолданды. Ректор өз сөзінде «С.Қазыбайұлы мектептерде бала оқытудан бастап, Атырау мемлекеттік университетінде оқытушы, профессор болып, қазақ тілі мен әдебиетінен 40 жыл көлемінде дәріс берген ұлағатты ұстаз атанды. Жастарды білім беруде талантты, ізденімпаз жанның алға қойған мәселесі - білікті жастарды оқыту мен мәдениет, ғылым саласын өркендету, мектептерге арнап оқулықтар, әдістемеліктер жазудағы еңбегі мен бағдарламалар ісіне ден қойғаны ұлағатты жанның өмірінен, жастардың бойына дарытқан тәлім - тәрбиесінен, әдебиет әлемін жетік меңгеруі айқын байқалады», - деп атап өтті. Конференция барысында, «Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз» тақырыбында филология ғылымдарының докторы, профессор Қадыр Жүсіп Өтегенұлы, «Өмір жолы өнегелі ғалым» тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Мұхамбетов Жомарт Ибатоллаұлы, «Профессор Сабыр Қазыбайұлының Мұрат ақын шығармашылығы хақындағы ойлары» тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті Аронов Құспан Ғұмарұлы, «С.Қазыбаев еңбектеріндегі сабақтас құрмалас сөйлемдерді оқыту әдістері» тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты Аташев Серік Мұратұлы баяндама жасады. Конференцияға қатысқандар қатарында, университеттің профессор-оқытушылары мен студенттері болды.

Профессор Сабыр Қазыбайұлының 105 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған жиын соңында «Профессор С.Қазыбайұлы және әдебиеттану мен фольклортану мәселелері», «Профессор С.Қазыбайұлы: қазақ тілі және оқыту әдістемесі мәселесі» және «Профессор С.Қазыбайұлының педагогика идеялары мен тәжірибесі» тақырыптарында профессор-оқытушылардың қатысуымен секциялық жұмыстар жалғасын тапты.

**Н. Жаңбырбай**



## ЕРМАХАН ИБРАЙЫМОВ- ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Жастар саясаты департаменті мен Атырау өлкесі тарихы, археологиясы және этнографиясы ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен университет жанынан құралған «Саяси ринг» пікірталас алаңының алғашқы отырысы өтті.

Осыған орай, «Саяси ринг» пікірталас алаңына – Қазақстанның сан мәрте чемпионы, Сидней олимпиадасының және Азия ойындарының чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, әлем чемпионатының күміс жүлдегері, ҚР-ның бокстан Еңбек сіңірген спорт шебері Ибрайымов Ермахан Сағиұлы келді. Жиынға университет ректоры С.Н.Идрисов, «Қазақстан-Атырау» телеарнасының директоры Қанат Әуесбай сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатынасты.

– Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері туған елдің жалауын жат жерде желбіретіп жүрген азаматтар жоқ емес. Әсіресе, спорт саласындағы былғары қолғап иелерінің еңбегі ерекше. Бүгінгі университетіміздің қонағы Ермахан Сағиұлы да тек спорт саңлағы ғана емес, сонымен қатар, қоғам қайраткері, оның талай чемпиондарды дай-

ындауда аянбай тер төгіп жүргені де үлгі боларлықтай іс, – деп Саламат Нұрмұханұлы келген қонаққа сөз кезегін берді. Бір сағатқа созылған сұхбат барысында студенттер тарапынан түрлі сұрақтар қойылып, тұшымды жауаптар алынды.

Келесі ретте сөз алған Ермахан Ибраимов университет басшылығына өз ризашылығын жеткізе отырып чемпиондық жолдағы қиын да қызықты сәттерге тоқталып, әсерлі әңгімесін жалғастырды.

– Спортқа ең алғаш 10 жасымда аяқ бастым. Сол кездері Жақсылық Үшкемпіров пен Серік Қонақбаевты өзіме ұстаз ретінде үлгі тұттым. Ең үлкен жетістігім, ол – Сидней олимпиадасындағы жүлде – деп сол бір кезгі ішкі толғанысын жеткізді. Ол Кеңес дәуірі тұсындағы бокс пен бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның боксын салыстырып, елімізде жастардың спортпен айналысуына барлық жағдай жасалғаны туралы да айтып өтті. Қазіргі таңда, Атырау өңірінде де мықты спортшылар өсіп келе жатқанын тілге тиек етіп, оның ішінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің I курс студенті Сағынғали Аманаттың болашағынан зор үміт күтетінін жеткізді. Сондай-ақ, Ермахан ағамыз Қазақ боксының

керемет жұлдызы болған Бекзат Саттарханов туралы тебірене сөз қозғап, оның жастарға үлгі боларлық тұстарына да тоқталды.

– Бекзат Саттарханов – тек Қазақстан боксының ғана емес, әлемдік бокстың эталонын көрсеткен боксшы болатын. Оның ешкімге ұқсамайтын керемет техникасы, спортқа деген қызығушылығы жастайынан Бекзатты үлкен жетістіктерге жеткізді. Ол бойында ерекше күш қайраты бар, алған бағытынан қайтпайтын, үнемі жеңіске құлшынып тұратын керемет намысты жігіт еді ғой. Әттең, жарық жұлдыздай жарқ етті де, ортамыздан кете барды. 20 жасында ешкім жетпеген биік белесті бағындырып, Қазақстанның емес, бірден Олимпиада чемпионы атанған Бекзаттың бойындағы намыс пен қайрат әрбір қазақ жастарының бойында болуы тиіс деп ойлаймын, – деді.

Кездесудің соңында пікірталас алаңына жиналған студенттер Ермахан Сағиұлымен бірге естелік суретке түсіп, жастармен әсерлі кездесу өткізген ҚР бокстан Еңбек сіңірген спорт шеберіне өздерінің ризашылықтарын жеткізді.

Назерке ЖАҢБЫРБАЙ

## ОБЛЫСТЫҚ КӨРКЕМСӨЗ БАЙҚАУЫ

Биылғы жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің шаңырағында қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы – Білім ордамыздың 70 жылдығымен орайлас келіп тұр. Осыған байланысты қаламгер талантына тағзым ету мақсатында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Көптілді білім беру факультеті мен Жастар саясаты департаменті қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Абай оқулары – 2020» облыстық көркемсөз байқауын өткізді. Оған облыстағы жоғарғы оқу орындарының барша студенттері қатынасып бақтарын сынады.

Байқау барысында алғаш сөз алған ақын, филология ғылымдарының докторы, про-

фессор Қадыр Жүсіп:

«Барша қазақ баласы Абайды тануға, білуге, Абаймен мақтануға тиіс. Ұлы ақын өз халқын өркендеген, өскен, еркін халық ретінде көруді арман еткен. Сол Абай аңсаған арманына жетіп отырмыз.

Олай болса, жүрегі қазақ деп соққан қазақ жұрты Абайдың өлеңдерін бойтұмарындай сақтап жүруі тиіс.», – деп қатысушыларға сәттілік тіледі.

Қатысушыларға қазылық еткен әділқазылар алқасының төрағасы – «Фариза жұлдыздары» облыстық жас ақындар клубының жетекшісі – Әлия Дәулетбаева, қазылар құрамында – «Былина» этнобірлестігінің жетекшісі, Кораблев Андрей Александрович, Жалпы білім беретін қаладағы №16 орта мектептің мұғалімі – Нурушева Зульфия Сабитқызы,

Республикалық, облыстық жыр-мүшәйралардың лауреаты – Ниязбаева Асылай болды. Қазылар алқасы үміткерлер өнерін бағалау кезінде олардың: шығарманы оқу шеберлігіне, дауыс мәнеріне және тіл тазалығына, шығарманы таңдау талғамына баса назар аударып, жеңімпаздарды анықтады. Байқау соңында қазылар алқасының шешімімен қазақ тілі бойынша – жүлделі I-ші орынды гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің 1-курс студенті Мұхтарғалиев Данир, II-ші орынды Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің 1-курс студенті Хисметова Әйгерім, III-ші орынды Көптілді білім беру факультетінің 1 курс студенті Насимуллина Азиза мен Инновациялық білім беру факультетінің 1 курс студенті

Шоқаев Жалғас иеленді. Ал, орыс тілі бойынша жүлделі I-ші орынды Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенті Мусағали Айдана, II-ші орынды Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің студенті 3 курс студенті Бочкова Рината, III-ші орынды осы оқу орнының 1 курс студенті Сайнова Альфия иеленді. Байқаудың соңғы бөлімінде шет тілдері бойынша жүлделі I-орынды Көптілді білім беру факультетінің 3 курс студенті Сараева Флора, II-ші орынды 1 курс студенті Исламова Әсия, III-орынды 1 курс студенті Үкібай Шырынгүл иеленді. Жұлделі орынды алған барша жеңімпаздарға арнайы марапаттар мен сыйлықтар табысталды.

Өз тілшімізден

## СПАРТАКИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 70 жылдық мерей тойына арналған «Ректор кубогі» үшін профессор-оқытушылар құрамы және әкімшілік департаменті қызметкерлері арасындағы дәстүрлі 68-ші спартакиадасының жеңімпаздары анықталды.

Спартакиаданың негізгі өткізілу мақсаты - профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау және бұқаралық спортты одан әрі дамыту болып табылады. Жарысқа қатысушылар қатарында экономика және құқық факультеті, гуманитарлық ғылымдар және өнер факультет, физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті, жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультеті, инновациялық білім беру

факультеті, көптілді білім беру факультеті және әскери кафедрасы, әкімшілік департаменті болды. Жеңімпаздарды марапаттау үшін сөз алған университет ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы жарысқа қатысушыларға өзінің ризашылығын білдірді.

Дәстүрлі 68-ші спартакиаданың қорытындысы бойынша жүлделі ІІІ-ші орынды әкімшілік департаменті, ІІ-ші орынды гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті иеленді. Ал, биылғы жылдың Ректор кубогін экономика және құқық



факультеті жеңіп алды. Біздің профессор-оқытушыларымыз және қызметкерлеріміз университет қабырғасында білім беріп қана қоймай, спортпен айналысып, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында

әрдайым өздерінің үлестерін қосып, жеңіске жетуде.

**Нұргүл НҰРЛАНҚЫЗЫ,**  
Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті журналистика кафедрасының аға оқытушысы, магистр



## БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР БАРШЫЛЫҚ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің мәдени-спорттық кешенінде еріктілер жылының салтанатты ашылуы өтті. Шараға университетіміздің ректоры С.Идрисов, Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Р.Құспан, «Қазақстан-Атырау» телеарнасының директоры Қ.Әуесбай және өңіріміздегі барша еріктілер мен студенттер қатынасты.

2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында азаматтық қоғамды нығайтуда еріктілердің орны ерекше екенін атап өткен болатын. Бүгінгі таңда университет студенттерінің басым көпшілігі қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Бұл орайда бастама жастарымызды игілікті шараға көптеп тарту мақсатында ұйымдастырылып отыр. Шараның өту барысында алғаш сөз алған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры С. Идрисов: «Ерікті деген бұл – әрбір жастың, әрбір азаматтың өзінің жеке жан қалауымен осы қоғамға кішкене болса да қосатын үлесі. Бұл – жастардың бойында азаматтық позицияны, патриоттық сезімді оятатын бағыттардың бірі. Ерікті болу арқылы біз жастарды осы қоғамға бейімдеп, келешекте өзінің отанына, қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға бей-жай қарамай оған өзіндік үлесін қосуға шақыратын бірден-бір платформа деп айтсақ болады, –деп өңірдегі ерікті жастардың қатысуымен атқарылған игі істерді атап өтіп, бірқатар еріктілерді алғыс хатпен марапаттады. Келесі ретте сөз алған Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Роллан Құспан: – Ерікті дегеніміз не? Ол – қоғамға көмек беру. Ең бірінші – өзіне көмек беру. Бізде көбінесе еріктілерде жастар буыны 80-90 пайызды құрап отыр. Солардың барлығы дерлік біреуге қол ұшын беріп, көмектесуді әр түрлі форматта өткізіп жүр. Ал, Атырау облысында білім алып жатқан студенттердің 30 проценті – еріктілер тобына кіргендер. Биыл өңірде белсенді жастардың қатысуымен түрлі жобалар мен көптеген қайырымдылық іс-шаралары өтті, –деп еріктілердің қоғамға тигізер үлесіне баса назар аударды.

Әсел КЕНЖЕТАЙ

## НА ТВОРЧЕСКОМ ПУТИ

28 февраля 2020 года на Факультете полиязычного образования состоялся конкурс эссе (на казахском, русском и английском языках) по теме «Роль Елбасы в укреплении единства народов», посвященного к дню благодарения среди студентов 1-2 курсов университета.

Цели проведения конкурса:

– Проверка функциональной грамотности студентов 1-2 курсов в использовании изученной лексики и грамматических правил языков при написании различного рода письменных работ, умения логично и правильно излагать свои мысли на изучаемом языке.

– Воспитание у студентов чувства патриотизма, гордости за свою Родину, интернационализма и толерантности к другим этносам, проживающим на территории Казахстана, благодарности и уважения к первому Президенту РК Назарбаеву Н.А.

Из опытных преподавателей трех кафедр были созданы комиссии для оценивания эссе.

В конкурсе эссе в секции «Казахский язык» приняли участие 22 студента.

Призовые места присуждены следующим студентам:

Первое место: Лязатова Диана (2 курс спец. «Казак тілі мен әдебиеті»)

Второе место: Тлепова Балхия (2 курс спец. «Филология»)

Третье место: Арыстанова Гулназ (1 курс спец. «Иностранный язык: два иностранных языка»)

В конкурсе эссе в секции «Русский язык» приняли 24 студента. По итогам конкурса призовые места присуждены следующим студентам:

Первое место: Убенова Ару (спец.



«Учет и аудит», гр 118)

Второе место: Богданова Диана (спец. «Химия – биология», гр.17)

Третье место: Зинуллина Анеля (спец. «ГиМУ», гр.116).

В конкурсе эссе в секции «Английский язык» приняли участие 22 студента

I место: Жумагалиевой Алие (ИНРО – 209 гр.)

II место: Исламовой Асие (ПД – 101 (1) гр.) и Еркинғалиевой Дильнаре (ИНРО – 102 гр.)

III место: Сагинғалиевой Дамире (ПД – 101 (1) гр.) и Укибай Шырынкул (ИНРО – 101 (2) гр.).

Победители были награждены дипломами, книгами.

Кафедра русской филологии

## ҒАЛЫМ АҒАЛАР ІЗІМЕН

Сол замандағы Атырау өңірінің маңдайына біткен жалғыз университет – Гурьев педагогикалық институты еді. Біріміз жоғары білім аламыз деп, өткен ғасырдың 50–60 жылдары еліміздегі негізгі жоғары білім оқу орындарын – Абай атындағы КазПИ және Әл-Фараби атындағы КазМУ-тің тәмәмдап, «ғылым жолына бет бұрдық. Гурьев педагогикалық институтының алғашқы жылдарында Х.Ахметжанов, Б.Баймұханов, Ғ.Дайров ағаларымыз кафедра меңгерушілері және факультет деканы қызметін атқарды.

Факультетте ғылым педагог кадрлардың қатары өсіп, Абай атындағы КазПИ және Әл-Фараби атындағы КазМУ-ін бітірген Н.Блиев, Ж.Есмұханов, А.Наубетов, С.Утарбаев, М.Н.Наконечный, С.Тіналиев, Қ.Габдуллин, А.Жалғасов, Б.Сүлейменов, Б.Оразғалиев, Ж.Рашбаев, З.Жұманова, Т.Жұманова сияқты ғылым ағалар мен апайлар Гурьев педагогикалық институт студенттеріне сапалы білім беру жолында өздерінің лайықты үлестерін қосты. Бұл ғылым ұстаздар жастарды ғылыммен айналысуға деген құштарлығын оятып, бағыт-бағдар беріп, ғылыми жетістіктерге жетулеріне жол көсетті.

Бүгінгі таңда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті – өңіріміздегі жалпы орта білім беретін мектептер мен өндірістерімізді педагогика, технология, экономика және құқық салаларының мамандармен қамтамасыз етіп, 70 жыл бойы педагог мамандар даярлауда ғылыми-педагогикалық тәжірибеде үлкен үлес қосып келе жатқан бірден-бір жоғарғы оқу орны. Университет тарихында осы университетті оқып бітірген түлектерінің заманауи әлемдік стандарттардың ғылыми-білім беру қызметінің жоғары деңгейіне сәйкес сан түрлі салаларда жемісті еңбек етіп жүргені баршаға мәлім. Университет тарихында өзіндік ізі бар, білім беру саласына еңбек етіп, отандық ғылымды дамытуға үлестерін қосқан осы оқу орнының заманауи талаптарға сәйкес дамуына ықпал жасаған ғалым ағаларымыздың еңбектерін айту біз үшін бір ғанибет болар еді.

1980–2000 жылдары факультетте қызмет етіп жүрген көптеген жас мамандар Ресейде және Қазақстанда ғылыми жұмыстармен айналысып, ғылыми дәрежеге ие болды. Олар: Ғ.Имашев, С.Утепқалиев, Б.Кенжегулов, Е.Ихсанов, А.Ахметов, А.Абиров, Г.Шамбилова, Қ.Утеулиева, А.Мырзашева, Ж.Бляева, Б.Барсай, Н.Шаждекеева және басқалар. Бұл ғалымдар қазіргі таңда университетте студенттерге сапалы білім беріп, ғылыми-әдістемелік жұмыстармен айналысып, Атырау облысының орта мектеп мұғалімдері мен оқушыларына ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарына жетекшілік жүргізіп келеді.

Дүниеде бір шындық бар. Алғы буын мен кейінгі буынның сабақтастығы – алтын көпір. Сол сабақтастықты бағалап, дамытып отыру кейінгі ұрпақтың парызы.

Қазіргі таңда ғалым ағалар сабақтастығын жалғастыру мақсатында университет ректоры лауазымына Қ.Р. Ғылым және Білім министрлігінің бұйрығымен физика-математика факультетінің бір кездегі түлегі Идрисов Саламат Нұрмұханұлы тағайындалды. Саламат Нұрмұханұлы осы университетте кәсіби білім алып, 25 жылға жуық университеттің қоғамдық, оқу-білім беру өміріне белсене араласқан азаматтың бірі. Біз оның еңбек жолына үлкен жетістіктер тілей отырып, университет ректоры лауазымын сапалы, абыройлы атқаруына үлкен сенім білдіреміз.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп келетін хакім Абайдың осы бір ұлағатты сөзі қаншама ұрпақтың санасында сақтаулы. Жұрт баласын жатсынбай, бауырына басып баулыған жандардың ұлт ұрпағы үшін сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Тек соны бағалай білсек болғаны.

**Утепқалиев Серік УТЕПҚАЛИҰЛЫ,**  
**«Математика және математиканы оқыту» кафедрасының профессоры**

## ЖАҢА ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕР ЖАРЫҚ ҚӨРМЕК

**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 70 жылдық мерейтойына арналған «70 қадам» бағдарламасы аясында ғалымдардың ғылыми еңбектерінің алғашқы легі жарық көре бастады.**



Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Атырау өлкесінің тарихы, археологиясы және этнографиясы ғылыми-зерттеу орталығының директоры Сайполла Жұмабайұлы Сапановтың «История развития партийно-политической системы Франции в условиях европейской интеграции» атты монографиясы орыс тілінде жазылған.

Аталған еңбекте өте өзекті тақырып – халықаралық геосаяси фактор болып табылатын Франция Республикасының саяси жүйесін және Еуропалық Одақтың интеграциядағы экономикалық мүдделерін айқындау мәселесі көтеріліп отыр.

Жалпы, бұл монография оқу үдерісінде өте сәтті қолданылып келеді. Студенттер мен оқытушылардың зор сұранысына ие.

Осындай тағы бір құнды еңбек экономика ғылымдарының кандидаттары Т.К.Куангалиева мен



А.Е.Агумбаеваның монографиясы «Қазақстанның инновациялық дамуын қалыптастырудың кеңістіктік ерекшеліктері» деп аталады. Мұнда ел экономикасының жаңа замандағы индустриалды-инновациялық дамуын жетілдіру бағытында ғылыми-зерттеу мен терең талдау жүргізілгені байқалады. Бұл экономикалық табыс табуға, инвестициялық-интеллектуалдық ресурстарды қолдануға және дамудың жаңа формасын анықтауға жол ашпақ.

Ғылыми жұмыс жоғары оқу орындарының студенттері – болашақ экономикалық мамандықтардың студенттеріне, магистранттар мен доктаранттарға арналған. Әсіресе, оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде таптырмас құрал болып табылады. Ғылыми еңбектер биылғы 23 қаңтарда өткен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланып, баспадан шығаруға ұсынылды.

**Ғылым департаменті**

## СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен университет ректоры Саламат Нұрмұханұлымен кездесу өтті.

Ректормен студенттер бас қосқан кездесу барысында студенттердің университеттегі білім жүйесімен, жастардың жан-жақты ізденістері мен шығармашылықтарын дамыту бағытындағы жоспарлар талқыланды. Әсіресе, университеттің ішкі тәртіп ережелері кеңінен таныстырылып, сонымен бірге студенттерге берілетін түрлі жеңілдіктерді қарастыруда олардың көкейлерінде жүрген ұсыныс тілектері тыңдалды. Кездесу барысында университет басшысы жоғарғы оқу орнында білім алып жатқан жастарға оқу орнының ішкі тәртібі мен негізгі ережелерін түсіндіре отырып, университет қабырғасында және одан да тыс жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтаудың аса маңыздылығына тоқталып өтті. Университет ректоры студенттермен еркін түрде пікір алмасып, көпшілік арасынан қойылған әр түрлі сауалдарға да тұщымды жауап берді. Әсіресе, жастардың көкейлерінде толғандырып жүрген сауалдарын тыңдап, өз ойын ортаға салды.

Кездесу соңында университет ректоры жастардың көтерген орынды мәселелеріне тоқтала келіп, студенттер тарапынан айтылған кейбір шешілмей жүрген жайттарды да дер кезінде шешу үшін міндетті түрде іс-шаралар жасалатынын, және олардың орындалу барысын өзі қатаң бақылауға алатынын баса айтты.



## АМАНАТ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЧЕМПИОНЫ

«Жайық» спорт кешенінде бокстан жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Еліміздің барлық өңірінен келген 200-ге жуық былғары қолғап шеберлерінің шаршы алаңдағы бәсекелері алты күнге созылды.

Атыраулық боксшылардың жартылай финалға тек үшеуі ғана жетіп, 52 келі салмақта Бекзат Қонысбай Шымкент қаласынан келген Бейбарыс Пернебекке есе жіберді. Ал, 60 келіде өнер көрсеткен Бекзат Бітімов Қызылордалық Жақсылық Базаровты ұтса, былтыр Азия чемпионы атанған Аманат Сабырғали Ақтөбе қаласынан келген Ернар Наурызовтың осал тұсын таба білді. Осылайша, ақтық сынға қоржынымызға бір қола медаль сала шығып, қалған қос саңлағымыздың қолғап түйістірулерін асыға күттік. Алдымен бәсеке алаңына Бекзат Бітімов шықты. Ол Жамбыл облысынан келген Елнұр Сүйінбаймен жұдырықтасты. Қызыл жидемен шыққан атыраулықтың бойы қарсыласынан едәуір аласалау болды. Кездесу тең дәрежелі тартысқа толы өткенімен, үш раунд қорытындысында төрешілер көк жиделі жігіттің қолын көтерді. Еншімізге күміс медаль бұйырды. Атыраулықтардың ақырғы үміті аса ауыр салмақта шығатын университетіміздің 1 курс студенті Аманатта болды. Біріншіліктің соңғы нүктесін қойған кездесуде ол Қарағандыдан келген алып Георгий Аушевпен жекпе-жекке шықты.

Талай жарыстарда топ жарып жүрген жуан жұдырық иесі көпке таныла бастаған өренімізге лайықты қарсылас бола білді. Алайда, осыған дейінгі кездесулерінің бәрін уақытынан бұрын аяқтаған жерлесіміздің мықтылығы көрер көзге анық сезіліп тұрды. Аманат Сабырғали бұл сында да басым болып, жастар арасында Қазақстан чемпионы атанды.

## ЖЕКЕ ДАРА ТОП ЖАРДЫ

Атырау қаласында 2020 жылдың 6-10 ақпаны күндері спорттық және жауынгерлік самбодан ерлер мен әйелдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өткізілді. Ел біріншілігі деңгейінде өткен жарыс Атырау қаласының дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешенінде басталып, өз мәресіне жетті.

Бұл жарысқа республиканың өзге өңірлерінен Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларымен қатар, барлық облыстардың құрама командаларынан 300-ге тарта спортшылар қатынасып,

өзара күш сынасты. Спорт саңлақтары бас қосқан чемпионатқа Атырау мемлекеттік университетінен 6 студент қатынасып, өздерінің шеберліктерін таныта білді.

Жарыстың қорытындысында бәсекеге түскен спортшылардың арасынан университеттің 3ші курс студенті Парасат Жұмабай (62 кг салмақта), университеттің бұрынғы түлегі Айдынбай Қайырберді (57 кг салмақта), жауынгерлік самбодан 4 курс студенті Түсіпов Серікжан (57 кг салмақта) жеке дара топ жарды.



## МИНСКІДЕН ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Минск қаласында Беларусь елі Президентінің жүлдесіне арналған самбо және жауынгерлік самбодан спортшылар арасында халықаралық «А» санатты турнир өткізілді.

Жүзден жүйрік күш сынасқан жарысқа Франция, Италия, Израиль, Грекия, Әзірбайжан, Грузия, Ресей, Моңғолия, Беларусь, Армения, Қырғызстан, Өзбекстан және Қазақстан мемлекеттерінен 300 ге жуық спортшы қатынасты. Бұл турнирде Қазақстан ұлттық құрамасы сапында Атыраулық 6 спортшы сынға түсті. Жарыстың алғашқы күні төрт бірдей спортшымыз қарсыластарына есесін жібермеді.

Спорттық самбодан Әбу Аманжан (52 келі салмақта), Парасат Жұмабай (62 келі салмақта), чемпион атанды. Екінші күні сынға түскен (57 келі салмақта) Айдынбай Қайырберді 2ші орынды еншіледі. Жауынгерлік самбодан 57 келі салмақтағы қос Атыраулық спортшы ақтық сынға дейін жетіп Серікжан Түсіпов күміс жүлде алса, алтын жүлдені Еркебұлан Қуанғалиев иеленді.

Осылайша Атыраулық спортшы-



ларымыз 3 алтын, 2 күміс жүлдемен жеңіске қол жеткізді.

Бұндай «А» санатындағы халықаралық деңгейде өткен турнирде осал қарсыластар болмайтыны да белгілі. Себебі жарыс жеңімпазына халықаралық дәрежедегі спортшы атағы беріледі. Ал Әбу Аманжан болса аталған спорттық нормативті орындап, халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын иеленді.

Өз тілшімізден

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы  
Атырау қаласы  
Студенттер даңғылы, 212

**Редакция:**  
Ф.Балғожиев – Редактор  
П.Тулин – дизайнер–бет құрушы

«Университет» газетінің меншікті тілшілері:  
Ә.Кенжетай  
Н.Жаңбырбай  
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #2659 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 6 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #... Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана